



## ТАСҚЫНҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ – ОРТАҚ ІС

Өткен демалыс күндері өңірімізге жұмыс сапарымен келген Төтенше жағдайлар вице-министрі, генерал-майор Кеген Тұрсынбаев облысымызда су тасқынына қарсы атқарылып жатқан іс-шаралардың барысымен және жеке құрамның қызмет ету жағдайларымен танысты.

(Жалғасы 2-бетте)



## АБЫЛАЙДЫ ҚАЗАҚҚА ҚАЙТАРҒАН АДАМ

→ 6



## ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ «МОРЖДАРЫ»

→ 9

## Jūmys sapary



## МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ АЙРЫҚША

Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалу барысымен танысу үшін Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев өңірге жұмыс сапарымен келіп, оның аясында бірқатар кәсіпорындарды аралады, еңбек ұжымдарымен кездесті.

Палата төрағасы «Қазақстан өңірлерінде еңбек ресурстарын дамыту: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбына арналған «дөңгелек үстелге» қатысып, сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Жолдауда белгілеп берген басымдықтардың бірі – аймақтардың

өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын дамытудың, бұл мақсатқа қол жеткізу үшін білікті, кәсіби мамандар мен барлық деңгейде кешенді жұмыс жүргізудің қажеттігіне назар аударды.

«Мемлекет басшысы «Ана тілі» га-

зетіне берген сұхбатында экономиканың өсуін камтамасыз ету – алдымызда тұрған басты міндет екенін атап өтті. Қазіргі таңда елімізде салалық мамандар – инженерлер, энергетиктер, су шаруашылығы мамандары, агрономдар, мал дәрігерлері және басқа да маңызды мамандықтардың өкілдері үлкен сұранысқа ие.

(Жалғасы 2-бетте)

## Tolğandyrar taqyryp

## МЕКТЕП ЕСКІ, ОРЫН ТАР

Кордаланған мәселелер қашан шешіледі?

Орта білім жүйесіндегі өте өткір мәселенің бірі – мектептердің тарлығы және ескілігі. Еліміз бойынша 7550 мектеп болса, 31,6 пайызы – қалалық, 68,4 пайызы ауылдық жерлерде. Әлі де 270 мың оқушыға орын жетіспейді. Осыған орай Президент кемінде 800 мектеп салуға тапсырма беріп, өзекті проблеманы шешуге жеке секторды тартуды, сондай-ақ толық білім беретін ауыл мектептерін оқушы санына қарай қаржыландыруға біртіндеп көше бастауды міндеттеді.



Соңғы жылдары республикада «Жайлы мектеп» жобасы кеңінен қанат жая бастады. Биыл жыл соңына дейін осындай заманауи үлгідегі 217 білім ошағы пайдалануға берілмек. 1300 мектепке күрделі жөндеу жүргізілмек. Оқу-ағарту министрлігі тарапынан қолға алынған «Білім-ALL» өңірлік жобасына

Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары енгізілген. Бағдарлама талапқа сай жүзеге асырылса, ауыл мектептерінде оқу сапасы 12 пайызға артатын болады. Ұлттың зияткерлік қуаты – ұстаздардың жалақы мәселесі толық шешімін тауып, енді олардың біліктілігін арттыруға және әлеуметтік

мәртебесін көтеруге айрықша ден қойылған. Өңірде «Жайлы мектеп» жобасы аясында құрылысы басталған екі мектептің бірі іске қосылды. 2027 жылға таман тағы екеуі бой көтермек. Бір өкініштісі, озық бағдарлама әзірше облыс орталығынан әріге аспай тұр.

(Жалғасы 7-бетте)

## KEREK DEREK

Бір жыл ішінде Қазақстанда электромобильдер саны 1,6 есе артты. 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша олардың саны – 12 587. Ал 2023 жылы тек 7 680 электромобиль тіркелген. Бұл тізімде автомобильдер де, жүк көліктері де, автобустар да бар. Электромобиль саны бойынша Алматы көш бастап тұр. Бұл қалада 7 309 электромобиль тіркелген. Ал Астанада тоқ күшімен жүретін 1 510 көлік бар. Үштікті Алматы облысы түйіндейді. Онда 638 автомобиль электр қуатының көмегімен қозғалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі бекіткен 2025 жылғы 27 қаңтардағы валюта бағамдары төмендегідей: АҚШ доллары – 517,84 теңге; ЕУРО – 543,11 теңге; Ресей рублі – 5,28 теңге.



## МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ АЙРЫҚША

(Басы 1-бетте)

Осы себепті 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланды. Бұл ретте аталған мамандарды даярлап қана қоймай, елімізде ерекше еңбек мәдениетін қалыптастыру, еңбек адамдарына құрмет көрсетуге тәрбиелеу, еңбексүйгіштік пен кәсіпқойлық құндылықтарын дәріптеу аса айрықша. Еңбек адамдары – ел дамуының негізі. Сол себепті жұмысшы мамандықтардың беделі жоғары деңгейде болуы керек», – деді Сенат спикері.

Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, еңбек ресурстарының тапшылығы, әртүрлі өңірлер, қала мен ауыл және мамандықтар арасындағы еңбек теңсіздігі, теңгерімсіз урбанизация, демографиялық дағдарыс қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелер болып саналады. Оларды шешу үшін барлық мүдделі тараптың күш-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыру қажет.

«Өңірлер арасындағы еңбек ресурстарының теңгерімін қамтамасыз ету аса маңызды факторлардың бірі. Түркістан, Жамбыл облыстары сияқты еңбек ресурстары артық облыстар мен Солтүстік Қазақстан секілді жұмыс күші жетіспейтін өңірлер бар. Аталған мәселеге Қызылжар өңіріндегі халықтың табиғи кему үдерісі де өз салқынын тигізбей қоймайды. Мұнда туу көрсеткіші төмен, ал өлім-жітім жоғары. Бұл экономикалық өсудің баяулауына және өндіріс әлеуетінің төмендеуіне әкелетін бірқатар проблемаларды туындатады. Демографиялық үрдістер мен экономикамыздың қажеттіліктерін ескере

отырып, еңбек ресурстарының ішкі көші-қонын жүйелеу, кадрларды алмастыру, жастарды оқыту, жұмысқа орналастыру бағдарламаларын жандандырудың маңызы зор. Бұрынғы тәжірибені талдап, ол бағдарламалардың негізіне тиімсіз болғанын зерделеп, елімізде еңбек көші-қонының ауқымын арттыруға қажетті қадамдар мен тетіктерді пысықтаған жөн», – деген Палата төрағасы еңбек көші-қон бағдарламаларын одан әрі жетілдіру жолдарына тоқталды.

Мәслихат депутаттарымен және өңір жұртшылығымен кездесу кезінде Мәулен Сағатбекұлы облыстың агроөнеркәсіптік әлеуетіне тоқталып, Сенат депутаттары оны іске асыруға заңнамалық деңгейде қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Осыған байланысты индустриялық және инфрақұрылымдық жобалар, сондай-ақ бірлескен жұмыстың басқа да негізгі бағыттары сөз болды. Сонымен қатар кездесуде инфрақұрылымды жаңғырту, оның ішінде ауылдардағы электр желілерін жаңарту мәселесі әңгімеленді.

Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясының мүшелері және қоғамдық ұйымдар, дін өкілдерінің қатысуымен өткен жиында рухани дипломатияны дамытуға қатысты толықты проблемалар талқыланып, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII Съезі аясындағы мақсат-міндеттерді іске асыру жөнінде пікір алмасылды.

Сенат төрағасының сөзінше, еліміздегі барлық этникалық топтың рухани, мәдени, гуманитарлық мүдделерін қамтамасыз ету үшін бірлес-

кен іс-шаралар табандылықпен жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы басты міндеттердің бірі – мемлекеттік тілді ілгерілету және қолдау. Қазақ тілі – Қазақстандағы барлық этникалық топты ортақ мұратқа жұмылдыратын басты тетіктердің бірі. Оған ешқандай күмән жоқ. Осыған орай қазіргі таңда мемлекеттік, Тәуелсіздік және Президентіміздің елдегі бірлік пен келісімді нығайтуға арналған саясаты сияқты ортақ құндылықтар төңірегінде бірігуіміз керек. Бұл ретте Солтүстік Қазақстан облысы өзге өңірлерге үлгі көрсете алады.

Сапар аясында М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне барып, еңселі оқу орнының білім беру ісімен, ғылыми-зерттеу қызметімен, алдағы даму стратегиясымен танысты. Сондай-ақ депутаттарға мал, өсімдік шаруашылықтарына арналған зертханалары бар оқу-зертханалық корпусының қызметі таныстырылды. Онда тәжірибелер мен ғылыми зерттеулер жүргізіледі.

Сенат төрағасы азаматтарды қабилдау орталығының қызметімен де танысты. Бұдан бөлек, «Зеленый Север» ЖШС жылыжай кешені мен «Nord Panels» серіктестігінің ағашты терең өңдеу зауытының еңбек ұжымдарымен жүздесті. «Qyzyljar Creative Center» креативті индустрия орталығында SKO Hub-тың резиденттерімен, «Sensitive» инклюзивті би тобының ұжымымен және Бочча өңірлік бөлімшесінің параспортшыларымен кездесті.

Өмір ЕСҚАЛИ,  
«Soltustik Qazaqstan».

Мінбер

## ҚУЫРШАҚ НЕГЕ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕЙДІ?

Қазақ тілінің бүгінде мемлекеттік тіл ретінде өз тұғырына қона алмай отырғанының бірнеше себебі бар. Кеңестік саясаттың салқынын айтып ақталған боламыз. Алайда егемендік алғанымызға 34-ші жылға кетті ғой, осы аралықта туғандардың, әсіресе соңғы уақытта өмір есігін ашқандардың тілінің шұбарлығына келмеске кеткен заманның еш қатысы жоқ. Демек, кемшілік өзімізден.

Қазақ тілін дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Өкінішке қарай, біздің өңірдегі кейбір мәдениет мекемелерінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кенеюдің орнына тарылып барады. Мысалы, облыстық қуыршақ театрының репертуарында 55 спектакль болса, соның 7-уі ғана қазақ тілінде. Қазақ авторларының немесе қазақ халық ертегілерінің негізінде қойылған шығармалар жоқтың қасы. Ай сайынғы репертуар жоспарының біреуі немесе екеуі ғана мемлекеттік тілде көрсетіледі. Неге?

Балық басынан шіриді. Балалардың болашағына тікелей болмаса да жанама әсер ететін, тәрбие беретін мекемелерді ұлтқа, мемлекеттің тілге жаны аштын адамдар басқармай жағдай өзгере қоймасы анық. Қуыршақ театрында 14 актер қызмет етсе, қазақ тілді қойылымдарда ойнай алатындардың саны төртеу ғана. Өнерпаз жетіспей ме, әлде оларды жұмысқа алғылары келмей ме? Осы салада жүрген азаматтардың айтуынша, кейбірі басшылықпен сыйыса алмағандықтан кетіп қалған.

2024 жылдың соңына қарай облыстық қуыршақ театрындағы қазақ тілді қойылымдардың санын көбейтуді, ол үшін ұжым ішінен жеке қазақ труппасын құруды ұсынып, депутаттық сауал жолдаған едім. Үш мекеме бір ғимаратта қысылып-қымтырылып отырғаны жайлы да жазғанмын. Жақында жауап келді. Темірбек Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенттерімен келіссөздер жүргізіліп, театрдың штат санын кенейту үшін қосымша қаражатқа бюджеттік өтінім дайындалғаны айтылыпты.

Ал қазақ тілді қойылымдарға келетін болсақ, «Алдар көсе» ертегісі негізінде мемлекеттік тілде жаңа қойылым жоспарланған екен. Қуыршақ театрының тұрақты көрермені болмасам да, «Алдар көсе» репертуарда бұрын да болғанын білемін. Мүмкін соңғы уақытта алып тастаған шығар. Бірақ оны жаңа қойылым деуге келмейді ғой. Екіншіден, жалғыз «Алдар көсе» қай жыртығымызға жамау болады. Қазақ тілді қойылымдар кем дегенде 50 пайызға жетуі қажет қой.

Ербақыт АМАНТАЙҰЛЫ,  
«Soltustik Qazaqstan».

## ТАСҚЫНҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ – ОРТАҚ ІС

(Басы 1-бетте)

Елордалық мейман облыс әкімінің орынбасары Рүстем Құрмановпен бірге инфрақұрылымды нығайтуға және тәуелкелдерді азайтуға бағытталған су тасқынына қарсы іс-шаралар кешенімен танысты. Содан кейін Петропавл қаласындағы №1, №4, №5 өрт сөндіру бөлімдерінде және «Береке» шағынауданында салынып жатқан өрт сөндіру бекетінде болды. Петропавл қаласындағы, Қызылжар ауданының Тепличное,

Прибрежное және Большая Малышка ауылдарындағы қорғаныс бөгеттерін нығайту бойынша жұмыстардың нәтижелерін тексерді.

Сондай-ақ вице-министр Петропавл және Сергеевка су тораптарының жұмысымен танысып, Есіл өзенінде мұз жару жұмыстарын жүргізу орындарын көрді. «Қызылжар су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі бірінші көтеру стансасын нығайту және жаңғырту барысын бағалап, бөгет-

тер салуға қажет полипропилен материалы өндірілетін «SMB Group Family» кәсіпорнына барды. Аталған орындарды аралағаннан кейін халықты және аумақты ықтимал су тасқынынан қорғау мақсатында алдын алу іс-шараларын одан әрі іске асыру бойынша мүдделі сала мамандарына бірқатар тапсырмалар берді.

– Біздің міндетіміз – төтенше жағдай қызметкерлері сапалы жұмыс істеу үшін қауіпсіздік талаптарын барынша сақтауды

қамтамасыз ету, сондай-ақ халықты болуы мүмкін табиғи апаттардан қорғау. Сапар барысында инфрақұрылымды нығайтуға, мамандардың еңбек жағдайларын жақсартуға байланысты бірқатар өзекті мәселелер зерделенді. Төтенше жағдайлар министрлігі төтенше жағдайларға қатысты дайындықты арттыру үшін барлық жедел бөлімшелерді қолдауды және дамытуды жалғастырады, – деп атап өтті кездесуде вице-министр Кеген Тұрсынбаев.

Сонымен қатар вице-министр өрт сөндіру бөлімдерін аралап болған соң басшылық құраммен кездесіп, Төтенше жағдайлар министрінің өрт сөндірушілер мен құтқарушылар жұмысының тиімділігін арттыру, материалдық-техникалық базаны және жеке құрамның қызмет атқару жағдайларын жақсарту жөніндегі талаптарын жеткізді.

Гүлфайруз ТӨРЕМҰРАТОВА,  
«Soltustik Qazaqstan».

## Tabys kultn tapqandar

ҚАМҚОР ЕНЕНІҢ  
ДӘМДІ ҚАМЫРЫ

Ләззат Әшімованың ас үйі таңнан кешке дейін бір босамайды. «Енемнің дәмді қамыры» брендімен танымал болған кәсіпкердің өнімдеріне тапсырыс қала мен аудандардан, Астанадан, тіпті Ресейден де түседі екен. Екінші топтағы мүгедектігі бар қала тұрғыны келінімен бірге бала тәрбиесімен де, сүйікті ісімен де еш кедергісіз айналысуда.

Еңбекқор жандардың жұмысы танертенгі 09.00-ден кешкі 20:00-ге дейін жалғасады. Ал демалыс күндері қамыр илеу таңғы сағат 07:00-ден басталады. Олар тәулігіне 40 шақты қамыр жайып, тұтынушылардың тапсырысын сапалы әрі уақытында орындайды.

Қамыр илеуді оқушы кезінен жақсы көрген Ләззаттың аспаздық білімі болмаса да, тағам дайындауға деген сүйіспеншілігі мен тәжірибесі осы істі бастауға себеп болыпты. Кейіпкеріміз арманын жүзеге асырудың жолдарын талмай іздеген. «Ізденген жетер мұратқа» демей ме? Кәсібін дамытқысы келетіндерге берілетін мүмкіндіктер туралы естігеннен кейін «Бастау Бизнес» жобасы бойынша білім алып, «Мансап» орталығы арқылы мемлекеттік грантқа өтініш береді. Кейін жобасын сәтті қорғап, қол жеткізген 1 млн. 380 мың теңге қайтарымызсыз грантқа кәсібін дамыту үшін қажетті барлық құрал-жабдықтарды сатып алады.

Кейіпкерімізге аспаздық хоббиді табыс көзіне айналдыру идеясын келіні Мақпал ұсыныпты. Енесінің қамқорлықпен дайындаған тағамы әрдайым жайлылық пен үйдің жылуын сездіретінін мойындаған келіні қамырды дайын күйінде нарыққа шығарып, қызметтегі әйелдердің уақытын үнемдеуге болатынын айтқан.

— Адамға өзіне ұнайтын кәсібін бастау ешқашан кеш емес. Жақсы өмір сүруге адамның өзі де әрекет жасап, оқып ізденіп, мақсатқа жетуге талпынуы керек. Оның үстіне қазір кәсібін ашқысы келетіндерге мемлекет тарапынан үлкен қолдау бар. Шағын кәсібіміздің атауын «Енемнің дәмді қамыры» деп қоюды да келінім ұсынды, — дейді іскер әйел.

Кәсіпкер бұл жетістікпен шектелгісі жоқ. Өнімнің көлемін де түрлерін де арттырғысы келеді, сондықтан келіні екеуі қазіргі таңда жайлы нысан қарастыруда.

— Кең жер болмағаннан кейін тапсырыс көп болған күндері дайындау қиынға соғып жатады. Мәселен, Жаңа жыл қарсаңында әдеттегі тапсырыстан екі есе көп: 50-60 жайма және мантиға да осыншалықты қамыр дайындадық. Жұмысымыз ас үйде атқарылып жатқандықтан қазір өндіріс көлемін шектеп, тапсырысты тек қажетті мөл-

шерде ғана қабылдаймыз. Сол үшін тез арада ыңғайлы, кең орын тауып алғымыз келеді. Мүмкін болған жағдайда тек қамыр ғана емес, нарыққа жартылай дайын өнімдерді шығару жоспарымызда бар. Бұл бізге өндіріс көлемін арттыруға және қызмет көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, — дейді іскер әйел.

Енесі мен келіні тұтынушыларына тек мантиның қамырын ғана емес, қолжетімді бағада еттің жаймасы мен бүйрек, тұшпара, чебурек қамырын да ұсынады. Қамыр тұтынушының көңілінен шығу үшін сапалы әрі табиғи ингредиенттерден дайындауға аса мән береді.

Әрине кәсіп бастау оңай емес. Бастапқыда Ләззат Әшімова да бірнеше қиындықтарға тап болды. Жаңа кәсіп болғандықтан тапсырыс беретін тұтынушылар, ал танымалдылыққа қол жеткізу үшін жақсы жарнама қажет. Әлеуметтік желіде контент жасап, сапалы суреттер мен видео түсіру — уақыт пен күшті талап етеді. Ал өнімнің сапасын үнемі жоғары деңгейде ұстау және тұтынушылардың көңілінен шығу кәсіпкер үшін маңызды.

— Қазір әлеуметтік желіде ақпарат алмасып, қарым-қатынас жасайтын заман болып кетті ғой. Барлық адам керемет интернет арқылы табады. Осыны білгендіктен, ең алдымен, «Instagram» әлеуметтік желісінен жұмыс парақшамызды аштық. Оқырмандарды қызықтыру мақсатында SMM маман, фототілші жалдаймыз. Парақшаның жұмысын келінім жүргізеді. Ісімізде қиындықтар туындаған кей кездері тұтынушыларымыздың жақсы пікірлері бізге жігер сыйлайды, алға жетелейді. Өнімдерімізді аудандар мен қалаларға және Мәскеу, Челябинск, Қорған қалаларына арнайы тапсырыспен алып кететін тұрақты тұтынушыларымыз бар, — дейді кәсіп иесі.

Тәжірибе алмасу — табыс кілті екенін түсінген кәсіпкердің келіні Мақпал өткен жылы Астана қаласындағы аспаз цехында шеберлігін шыңдаған. Ол жерде қамырды дұрыс әзірлеу, сақтау және әр өнімнің құрамын дұрыс анықтауды үйренген.

**Гүлфайруз ТӨРЕМҰРАТОВА,**  
«Soltüstik Qazaqstan»  
Суретті түсірген  
**Шыңғысхан БЕКМҰРАТ.**

## Demografia

МҰСЫЛМАН  
ЕЛДЕРІНДЕ ӨСІМ БАР

**1989 жылы КСРО халық саны бойынша әлем елдерінің арасында үшінші орынға шығып, АҚШ-ты артқа тастады. Одақ тарағаннан кейін демографиялық көрсеткіштерде айқын айырмашылықтар байқала бастады. Соңғы 33 жыл ішінде посткеңестік елдердің алтауында халық саны өсіп, тоғызында көрсеткіштер кері кеткен. Демографиялық өсім Өзбекстан, Қазақстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан сияқты Орта Азия елдері мен Әзірбайжанда қарқын алған.**

Байқап отырғанымыздай бұрынғы кеңестік аумақтағы түркітілдес елдердің демографиялық ахуалы әлдеқайда жақсарған. Осы уақыт аралығында Әзірбайжан халқы 88 пайызға көбейіп, 10 миллионға жеткен. Пайызға шаққандағы рейтингтің екінші орнына Өзбекстан тұрақтап, олар 79 пайызбен 37 миллионнан аскан. Көршілес Түркіменстанда да халық саны 3,7-ден 6,3 миллионға жеткен. Қырғызстан халқы 65, Тәжікстан халқы 43 пайызға көбейсе, Қазақстандағы өсім — 23 пайыз. Жалпы 33 жылдағы аталған алты елдегі адам саны 10 миллионға артқан. Егер 1991 жылы түркітілдес республикалардың халқы Кеңес одағының 20 пайызын құраса, 2024 жылы посткеңестік елдердің әр үшінші адамы түркі мемлекеттерінде тұрады екен. Бұдан бөлек, аталған елдерде жергілікті титулды ұлттардың да үлесі артқан. Мысалы 1989 жылы Қазақстандағы қазақтардың үлесі 40 пайызға жетпесе, соңғы деректер бойынша 70 пайыздан аскан. Әзірбайжандардың өз еліндегі үлесі тоқсан пайыздан көп. Одақ тарар тұста Қырғызстандағы екі тұрғынның бірі қырғыз болса, бүгінде бес адамның төртеуі жергілікті ұлт өкілі саналады. Жалпы тәуелсіздік жылдары барлық 15 мемлекетте орыстардың үлесі азайғаны байқалады.

Ал бұрында одақ құрамында болған өзге елдерде халық саны 1991 жылмен салыстырғанда азайған. Антирекордты 44 пайызбен Молдова бастап тұр. Түрлі себептермен Украина халқы да 27 пайызға кеміген. Грузия, Литва, Латвияда бұл көрсеткіш 20-30 пайыз арасында. Ресей, Беларусь, Армения мен Эстониядағы жағдай да көңіл көншітпейді.

**Диас АЯҒАН,**  
«Soltüstik Qazaqstan».

## Qarjy naryǵy

## ДЕКЛАРАЦИЯНЫ КІМДЕР ТАПСЫРМАЙДЫ?

«Декларациялау туралы» Заңға сай 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке құрылым қызметкерлері, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер және басқа азаматтар өздерінің кірістері мен активтері туралы есеп тапсыруы тиіс болатын. Алайда мемлекет басшысының жалпыға бірдей декларациялау тәсілдерін қайта қарау туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында ел аумағынан тыс жерлерде активтері бар адамдарды қоспағанда, азаматтардың осы санатын активтері мен міндеттемелері туралы декларация-

ларды ұсынудан босату ұсынылды. Бүгінгі таңда алғашқы үш кезең аясында жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне 4 млн.-нан астам адам, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор басшылары, бизнес өкілдері және олардың жұбайлары кіріп отыр.

— Бұл шара осы санаттағы жеке тұлғалардың 90 пайыздан астамына қатысты. Декларациялауды мынадай санаттағы азаматтар үшін сақтау ұсынылады: шет елдерде активтері бар; бір жыл ішінде құны 20 000 айлық есептік көрсеткіштен (74

млн. теңге) асатын сатып алу әрекетін жасаған; дербес салық салуға жататын табыс тапқан азаматтар. Сонымен қатар міндетті декларациялаудан босатылғандарға есептілікті ерікті түрде тапсыру құқығы берілген, — дейді облыстық мемлекеттік кірістер департаменті түсіндіру жұмысы және байланыс-орталығы басқармасының бас маманы Жанат Жұмабекова.

Халыққа ыңғайлы болу үшін салық төлеушінің кабинеті (cabinet.salyk.kz) «Электрондық үкімет» веб-порталы (egov.kz), «e-Salyq Azamat» (салық әмияны),

«eGov mobile», «Halyk», «Банк Центр кредит» және «Kaspi» мобильді қосымшалары арқылы декларацияларды тапсыру бойынша электрондық сервистер іске қосылған.

Бұл орайда жеке тұлғалардың қолда бар активтерін тіркеу үшін барлық цифрлық дерекқорлардан, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерден мәліметтер алу тетігі қамтамасыз етіледі.

**Гүлфайруз ТӨРЕМҰРАТОВА,**  
«Soltüstik Qazaqstan».

*Мәркен Уәйісов – Тимирязев аудандық мәслихатының №3 сайлау округі бойынша депутаты, бюджет, салық, және қаржы, экология, кәсіпкерлік қызмет, экономика салаларын дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы. «Северная Топливная Компания» ЖШС Сулы мұнай базасының меңгерушісі, «AMANAT» партиясының мүшесі.*



## «ДЕПУТАТ КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛУЫ КЕРЕК»

### Не үшін депутат болдым?

Тұрғындарға сайлауалды бағдарламамды таныстырған кезде округімнің, ауданның әрбір тұрғынының әл-ауқатын арттыру үшін барынша күш салуды басшылыққа алатынымды айтқан болатыным. Мен қатарынан екі шақырылымда бағымды сынадым. Екеуінде де сайлаушылардың 70 пайыздан астам дауысын жинағаным – бұл сынақты абыроймен енсергенімнің белгісі. Жергілікті тұрғындардың қолдауы – адамды адал еңбек етуге қанаттандырады. Еңбек жолымды осы ауданда бастадым. Комбайншы, Целинное ауылында астық қабылдау операторы мен меңгерушісі болып еңбек еттім. Сулы мұнай базасының менеджеріне дейін көтерілдім. Қазіргі уақытта «Северная Топливная Компания» ЖШС-ның Сулы мұнай базасының меңгерушісімін. 60 адамнан тұратын ұжымды 10 жыл басқарып келемін. Біздің серіктестіктің басты байлығы – ұжымы. Кәсіпорында білікті мамандар жұмыс істейді. Біз белсенді демалысқа, саламатты өмір салтын ұстануға көп көңіл бөлеміз. Осындай жүйелі жұмыс менің сайлауға түсуіме себепші болды. Адамның жүрген жолы, ортасы, көрген-түйгені, тәжірибесі белгілі бір белесті бағындыруға көмектеседі. Қарапайым жұмысшыдан бастап, еңбек сатысы бойынша көтерілуім, ұжыммен түсінісе жұмыс істеуім халықпен де тіл табысуыма, олардың көкейінде жүрген мәселелерді түсініп, шешуге мүмкіндік берді.

### Сайлаушыларға қандай уәде бердім?

Аудандық мәслихат депутатына өз кандидатурамды ұсынған кезде әдеттегідей сай-

лау округінің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін сараладым. Сайлаушылардың өтініштерін атқарушы органдармен бірлесе отырып, толық орындалдым деуге болады. Бірақ бұл сайлау округінің барлық мәселелері шешілді деген сөз емес.

Елді мекендердің келбетін бұзатын қараусыз қалған ғимараттарды сүру мәселесі әлі де өзекті. Осындай түйінді мәселелерге бейжай қарамау – депутаттың міндеті. Бюджет, салық және қаржы, экология, кәсіпкерлік қызмет, экономика салаларын дамыту мәселелеріне жетекшілік ететін тұрақты комиссиясының төрағасы болғандықтан Тимирязев ауданының бюджетін бекітуге, нақ-

### Қай уәдемді орындадым?

Елді мекендердің инфрақұрылымы жақсарса, адамдардың өмір сүру деңгейі де көтеріледі. Оң нәтижелер бар екенін айта кеткен жөн. Ұрпаққа сапалы білім беретін мектептер жөнделіп, заманауи жабдықтар сатып алынуда, балаларға арналған және спорт алаңдары орнатылуда, жолдар қалыпты жағдайға келтірілуде. Мәселен, былтыр Хмельницкое ауылына кіреберіс жолды жөндеу аяқталды. Сол округтегі ауылдық клубта блок-модульдік қазандық орнатылды. Ал Докучаев ауылдық округінде медициналық пункттің құрылысы аяқталды.

Мен «AMANAT» партиясы аудандық филиалының депутаттық фракциясының төрағасымын. Сондықтан жыл бойы

жесінде Аксуат, Дмитриевка, Степное ауылдарында мәдени-сауықтыру орталықтары пайдалануға берілді. Ақжан, Докучаев, Мичурин ауылдық округтерінде медициналық пункттердің құрылысы аяқталды. Тимирязев және Құртай ауылдық округтерінің кентішілік жолдары жөнделді. Сондай-ақ бірқатар оқу орындарында, өнер мектебінде және балабақшада күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

### Халық маған сене ме?

Мемлекеттік қызметшілер сияқты депутаттың да әр іс-әрекеті көпке үлгі-өнеге болуы керек. Мен саламатты өмір салтын ұстанамын. Хоккеймен бұрын кәсіби түрде айналысқандықтан әртүрлі деңгейдегі жарыстарға спорт командасының қатысуына үнемі демеушілік жасаймын. Әріптестеріммен бірлесіп аудандық «Лидер» футбол клубына демеушілік көрсетеміз. Әсіресе, жас хоккейшілерді белсенді қолдауға баса назар аударамыз. Себебі дарынды балалар – ауданның болашағы. Егер өскелең ұрпақ туған өлкенің қолдауы мен қамқорлығын сезінсе, ол өз елінің патриоты болып ержетеді.

Қазақ халқы «Жақсылық жасасаң да – өзіннен, жамандық жасасаң да – өзіннен» деп өмірдің түзуі мен бұраланың екі ауыз сөзге сыйдырған. Яғни мейірімді, жанашыр болу адамның өзіне байланысты. Аудан депутаттары әрдайым мұқтаж жандарға көмектесу үшін қолдан келгенін бәрін жасауға тырысады. Көмек сұраған жан шынымен де қысылып тұрса, оның бетін қайтарған емеспіз. Еңбек ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне, зейнеткерлерге көңіл бөлінеді. Әрқайсысын жылы сөзбен демеу, материалдық жағынан қолдау аса маңызды. Сайлау округінің кез келген тұрғыны көкейде жүрген мәселелерін тікелей келіп айта алады. Әр айдың екінші сейсенбісі мен сәрсенбісі азаматтарды қабылдаймын. Мұндай ашық қабылдаулар мен кездесулер халық пен депутаттарды жақындастырады. Ал көтерілген проблемаларға жедел ден қою, кері байланыс орнату депутатқа ғана емес, жалпы билікке деген сенімді арттырады. Осындай кездесулердің қорытындысы бойынша тиісті органдарға жазбаша сұрау салып, оның шешілу жолын бақылауымда ұстап отырамын.

Дайындаған  
Арайлым БЕЙСЕНБАЕВА,  
«Soltüstik Qazaqstan».

### Сайлаушы пікірі

*Депутат Мәркен Уәйісов өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуде белсенді және тұрғындардың өтініш-тілегіне жауапкершілікпен қарайды. Әсіресе, әлеуметтік салаға ерекше назар аударады. Сайлаушылар алдындағы адалдығының арқасында Мәркен Арыстанұлы жергілікті тұрғындармен тығыз байланыс орнатты. Оларды толғандырған мәселелерді назарда ұстап, өзектілерін шешу үшін қажетті шаралар қабылдауда. Ауылдың жүйелі дамуы үшін инфрақұрылымның маңызы зор. Жолдың сапасы жақсарса, елді мекендер арасындағы қозғалысты жеңілдетіп қана қоймай, ауылдағы экономикалық байланыстардың дамуына ықпал етеді. Депутат жанашырлық танытқан соң, тұрғындар да ауылдың қоғамдық өміріне белсенді араласады.*

Ирина ПОПОВА,  
Хмельницкое ауылының тұрғыны.

тылауға, орындауға байланысты өзекті мәселелерді асқан жауапкершілікпен қараймын. Осыған қатысты тұрақты комиссияның 6 отырысы өтті онда аудан және 16 ауылдық округ бюджеттеріне өзгерістер енгізу туралы мәселелер қаралды.

депутаттармен бірлесіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды мәселелер – сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет, спорт, жол объектілерін салу және жөндеу сапасына мониторинг жүргіземін. Депутаттардың елеулі еңбегінің нәти-

### Jaña kitap

## АЛАШ ЖОЛЫ – АЗАТТЫҚ

Елордадағы ұлттық музейде Солтүстік Қазақстан өңіріндегі Алаш қозғалысына арналған екі ғылыми еңбектің тұсаукесері өтті. Жиынға қоғам және мемлекет қайраткерлері, мәдениет саласының өкілдері мен ғалымдар қатысып, Алашорда тарихы мен Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі туралы сөз қозғанды.

«XX ғасыр басындағы Солтүстік Қазақстан: Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі» (авторлары А. Ибраева, С.Мәлікова, З.Тайшыбай) атты монографиялық еңбекте Алаш қозғалысының тарихи маңыздылығы, Алаш саяси партиясының және Алашорда үкіметінің Солтүстік Қазақстандағы қоғамдық-саяси қызметі, рухани мұрасы жайында құнды мәліметтер берілген. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ел азаттығын ансауы, күрескерлік деңгейге көтерілуі нақты деректік материалдармен, мысалдармен пайымдалған. Туынды авторлары Алаш қайраткерлерінің қызметін, олардың қилы тағдырын, қуғын-сүргінге ұшыраған кездегі тергеу істерін тарихи фактілер негізінде әсерлі жеткізген.

«Алаш жолы – еліміздің Тәуелсіздігіне қызмет ететін рухани мұра, қасиетті де әлеуетті күш. Ел еңсесін тіктейтін, жастарды жасампаздыққа жетелейтін, қалың қауымды ынтымаққа бастайтын, халық бойындағы имандылықты еселейтін құндылық. Қос туынды кітапхана сөрелеріне жеткізіліп, оқырмандардың ұлт тарихына деген сүйіспеншілігін оятады деп сенеміз», – дейді облыстық мемлекеттік архивтің директоры Сәуле Мәлікова.

Тұсауы кесілген екінші – «Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі Алаш қозғалысы мұрағат деректерінде» (авторлары А.Ибраева, С.Мәлікова, З.Тайшыбай, А.Темірханова) мұрағаттық құжаттар және материалдар жинағы облыстық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы архив қорларының материалдары негізінде құрастырылған.

Іс-шара аясында музейдің ғылыми қызметкері Данияр Дүйсенбай Алаш қайраткері Әлти Көкенұлының атақонысын зерттеу негізінде қазақтың үй салу дәстүрін жаңғырту мақсатында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы баяндама жасап, Алаш мұрасын зерттеу және насихаттау ісінде археологияның үлесіне тоқталды.

Рабиға ЕРАЛЫ,  
«Soltüstik Qazaqstan».

Бір қарағанда бұл жер жұмысы тыныш, тәртібі жұмсақ кеңсе сияқты. Әркім өз шаруасымен айналысып отыр. Алайда осы бір мамыражай шақты кілт үзіп, кенет телефон сыңғырлай жөнелді. Аудандық полиция бөліміне қоңырау шалынды дегеніңіз, арнайы мамандарға жаңа міндет жүктелді деген сөз. Тұтқаны жылдам көтерген қызметкер мәселенің мән-жайын анықтап болғаннан кейін жедел топ бірден оқиға орнына аттанып кетті. Тұрғындар тәртіп сақшыларын ақжолтай жаңалықпен шақырмасы анық. Алайда жедел тергеу тобының сыралғы мамандары қандай жағдай болмасын қиналғанның қасынан табылып, құқық бұзушылықтың мән-жайын анықтап, күдіктілерді ұстауы тиіс.

Тайынша аудандық полиция бөлімінің капитаны, аға тергеуші Жамалдин Сүлейменовтің қиындығы көп осы қызметтің тізгінін ұстағанына 6 жылдан асып барады. Білікті маманмен облыс орталығына келген сапары барысында тілдесудің сәті түсті. Жалпы аудандардағы тергеушілер үшін жұмыс бабымен қалаға жиі келу қалыпты жағдай. Өйткені шалғайда тергеу ісіне ауадай қажет сараптама жасайтын орындар жоқ. Сондықтан да жазуды талдаудан бастап, қаржылық сараптамаларға дейін осында жасалады.

#### АЛШАҢ БАСҚАН АЛАЯҚТАР

Өткен жылғы деректерге сүйенсек, өңірде адам өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, тонау, ұрлық, мал ұрлау, көмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар бес пайызға азайған. Алайда алаяқтыққа қатысты қылмыстар артыпты. Оның ішінде интернет-алаяқтық көрсеткіші күннен-күнге көбейіп барады. Соңғы кездері адаммен бет көріспей-ақ қалтасын қағып алғысы келетіндердің көбейгенін Жамалдин Серікұлы да растап отыр. Бүгінде тергеушінің өзі де Тайынша ауданында орын алған осындай істің мән-жайын анықтап жатыр.

— Қазір мен интернет-алаяқтық бойынша істі тергеп жатырмын. Біз ақшаны алған адамның ізіне түсіп, анықтадық. Қолымызда күдіктінің банкоматтан ақша шешіп жатқан суреттері бар. Алайда онда түрі анық көрінбейді. Ол бір жарым айдың ішінде 30 миллион теңгені шешіп алған. Кейін тиісті мекемелерге сұрау салып, іздестірдік. Күдіктінің шоттан жиі ақша алып тұратынын банк қызметкері де растады. Әлгі адамды қараша айынан бері ұстауға тырысып келдік. Алайда ол үнемі тұрғылықты жерін, нөмірін ауыстырып тұрады. Бүгінде дроппер болып өз банк шоттарын алаяқтарға сататын жастар көбейіп барады. Азаматтық кодекске сай сіздің шотыңызға негізсіз ақша түссе, оны қайтаруыңыз керек. Жуырда полиция департаментінде алаяқтарды құрықтайтын киберқылмыспен күрес басқармасы ашылды, — дейді тергеуші.

Кейіпкеріміздің қасында отырып байқағанымыз, бүгінде қылмыстық істі тергеушілерге бума-бума қағаз толтырып, том-том материал жинаудың аса қажеті жоқ екен. Барлық деректер сотқа дейінгі тергеп-тексерудің



## ТАБАНДЫ ТЕРГЕУШІ



бірыңғай тізіліміне енгізіліп, арнайы базада сақталады. Тергеу барысында жиналған материалдар, күдіктілер туралы ақпарат та осында жинақталады.

#### БІРЛЕСКЕН ІС — НӘТИЖЕЛІ

Жамалдин Сүлейменов — таңмен таласа қызмет орнына келетін мамандардың бірі. Таң атар-атпастан басталған жұмыс қас-қарайғанша жалғасады. Мойнына міндет алған қызметкерлер уақытқа қарамай, тапсырылған істі абыроймен аяқтамайынша тыным таппайды. Сонымен қатар әр маман аптасына бір рет кезекшілік атқарады. Қылмыс орнына бірінші болып баратын жедел тергеу тобының мамандары мезгілге қарамай кезекшілік кезінде бөлімшеде болады. Хабар келген сәтте құрамына тергеуші, жедел уәкіл, криминалист кіретін топ оқиға орнына жетеді. Тергеуші аталған топқа басшылық етеді. Ол жәбірленушімен сөйлесіп, мән-жайды анықтап, арызын алады. Кейін жедел уәкілге жақын маңды бақылап, куәгерлерге сұрау салуға тапсырма жүктеледі. Ал криминалист қылмыскерді анықтауға мүмкіндік беретін деректерді, саусақ іздерін іздейді. Соңында мұның бәрі толығы-

мен қағазға жазылып, хаттама толтырылады. Білікті мамандардың бірлескен жұмысы қылмысты жедел ашып, күдіктіні анықтауға мүмкіндік береді.

Капитан Жамалдин Сүлейменовтің айтар әңгімесі де, көрген-білгені де көп. 7 жылға жуық уақыт ішінде ол талай оқиғаға куә болып, небір жантүршігерлік істерді тергеді. Екінші бірінші көруге жүрегі дауалай бермейтін қатыгез жайттарды көріп, талай күдіктен жауап алып, қан жұтқан қанша жәбірленушіні жұбатты. Содан да болар ол не нәрсеге болсын салқын қарайды. Айтуынша, жұмыста көрген-білгенін жүйкеге жүк түсірмей, өткенге қалдырады екен. Әңгімелесу барысында да өзін байсалды ұстады. Қандай қорқынышты оқиға туралы айтып жатса да оның сыр алдырмайтын кәсіби маман екенін біз де байқадық.

#### АУЫЛДА ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖЕҢІЛ

— Ауылдық жерде жұмыс істеудің өзіндік ерекшелігі бар. Аудандағы ахуал әлдеқайда тыныш қой. Қалада қылмыс жиі тіркеледі. Десе де әр жердің өзіндік қиыншылығы бар. Аудандағы бөлімшеде 5 тергеуші, екі анықтаушы жұмыс істейді.

Біз қылмыс болған сәттен бастап күдіктінің толық портретін жасауға кірісеміз. Ол туралы барлық ақпарат толықтай қағазға түседі. Кейін тергеу амалдары басталып, әлгі адамның қылмыс орнына не үшін барғаны, нендей жағдай орын алғаны анықталады. Кейбіреулер өз кінәсін бірден мойындаса, енді біреулер жалтақтайды. Ондайда куәгерлер табуға тырысамыз. Бұл ретте бақылаушы орган саналатын прокуратура күдіктінің құқықтарының бұзылмауын қадағалайды. Бүгінде қылмыстық істер үш буынды модель аясында тергеледі. Бұрын тергеушілер күдіктіні өздері белгілессе, бүгінде прокурордың келісімі керек, — дейді Жамалдин Серікұлы.

Кейіпкеріміз үш буынды модель туралы айтқан соң көңілдегі күдігімізді де жасырып қала алмадық. Бұрын дербес әрекет еткен тергеуші прокуратураға адамның қылмысқа қатысы барын дәлелдеп жүріп уақыттан ұтылып қалуы әбден мүмкін. Ал дәлелі жеткіліксіз болса, көздеген адамы күдікті деп танылмауы да ғажап емес. «Осының бәрі тергеушіге тұсау болмай ма?» деген сауалымызға Жамалдин Сүлейменов құқықтық тұрғыдан жауап берді. Капитанның сөзінше, бұл жұмыстар күдіктілердің құқығын сақтау, негізсіз тергеудің алдын алу үшін жасалып отыр. Демек қылмысы толық дәлелденбейінше адам заң алдында кінәсіз саналады. Ол қылмыс жасаған күннің өзінде бірден қылмыскер атанбай, тергелуші, күдікті деп танылады. Ал істің соңғы нүктесін тек сот қояды. Бұл ретте тергеушілер мемлекеттік айыптаушы саналатын прокурорға жиналған дәлелдерді ұсынады.

#### ТӨРТЕУДІҢ ҚАЗАСЫ

2023 жылы Жамалдин Серікұлы жұмыс істейтін Тайынша ауданында жантүршігерлік оқиға болып, дүйім елді дүрліктіргені бар. Кезі келгенде осы істің мән-жайын сұрауды жөн көрдік. «EMS AGRO» компаниясының фермасындағы 4 жұмысшының өлімін өзі тергеген екен. Тергеуші 4 жұмысшының біреуі тазалау қызметінің бастығы болғанын айтады. Олар жер астындағы кәріз сорғысын жөндеуі керек болған. Алайда мұндай шұңқырларда адам өміріне қауіпті аммиак жиналатынын ескермеген. Болжам бойынша бірінші болып түскен жұмысшы сол жерде қайтыс болған. Оны шығарамын деп шұңқырға түскен екінші жұмысшының өмірі де солай аяқталған. Үшінші, төртінші адам да алдыңғылардың әрекетін қайталаған. Тергеуші төртінші болып мерт болған тазалау қызметінің басшысына қатысты қылмыстық іс қозғаған. Оған қоса еңбекті қорғау қызметінің басшысы да тергелген. Өйткені жұмысшылар қауіпсіздік ережесін сақтамай, құрал-жабдықсыз іске кіріскен. Бірінші сот күдіктілерді ақтағанымен, апелляциялық сот екеуін де кінәлі деп танып, еңбекті қорғау қызметінің өкіліне бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Алайда жәбірленуші тарап бұған көнбей, серіктестік директоры мен бас инженеріне қатысты тергеу жүргізуді сұраған. Оларға қатысты жүргізілген тергеу екеуінің де заң алдындағы кінәсін дәлелдей алмапты.

— Жұмысым өзіме ұнайды. Кейде уақытпен санаспай тер төгеміз. Бірнеше жыл ішінде небір оқиғаға куә болдым. Қаншама тағдырларды көрдім. Басына қайғы түскен жандарды жұбатып, істі аяғына дейін жеткізуге тырыстым. Қылмыс жасаған адам да оңайлықпен қолға түсе қоймайды. Олардың арасында да амал-айласы асқан жандар бар. Мұндайлар өз қателігін ұсталған сәтте ғана сезініп жатады. Мас күйінде білместікпен өзгеге зиянын тигізетіндер көп. Ақыр аяғына дейін өзінің кінәсіздігін айтып, алған бетінен қайтпағандарды да көрдім. Мұндайлардың жазасы да ауыр болмақ. Жұмыста қандай жағдай болмасын, үйде өзімнің отағасы, әке екенімді ұмытқан емеспін. Аптасына бір рет үй ішімізбен демалыс ұйымдастыру дәстүрге айналған, — дейді Жамалдин Сүлейменов.

Аудандағы білікті маманның жұмыс кабинеті түрлі марапатқа толы. Өз әріптестері арасында қалтқысыз қызметімен көзге түсіп жүрген тергеуші талай байқауларда топ жарып, үздік атанып жүр.

Диас АЯҒАН,  
«Soltüstik Qazaqstan».

Суретті түсірген  
Шыңғысхан БЕКМҰРАТ.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін тарихшылардың «Енді қазақ тарихы қалай жазылуы керек?» деген сұраққа жауап іздей бастауы заңды еді. Жетпіс жыл бойы басым идеология саналған коммунистік насихаттың бұғауына шырмалған кәсіби тарихшылардың өзі сенімсіздеу, аңтарылу кезеңін бастан өткізді. Дәл осы кезде Қазақстан Тәуелсіздігі туралы құжаттарды қабылдауға Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты ретінде белсене қатысқан, әрі сол кезде Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры қызметіндегі академик Манаш Қозыбаевтың сөздерінің құны жоғары болатын.



# АБЫЛАЙДЫ ҚАЗАҚҚА ҚАЙТАРҒАН АДАМ



Манаш Қабашұлының түсінігінше «Тарих – жетістіктерімен ғана емес, ауыр да қатал сабақтарымен зердеде үнемі жатталып, жаңғырып отыруға тиіс шақтар мен дәуірлердің тізбегі. Тарихи сананы қалыптастыратын да тарихтың өзі. Еркін, демократиялық қоғам орнатып, еліміздің қасиетті тарихы бізді дұрыс құбыланамадан адастырмайтын имантұғыр болуға тиіс». Ғалымның өзі айтқан «дұрыс құбыланамадан адастырмайтын имантұғыр» ретінде Қазақстанның тарих ғылымында тарихи зерттеулердің әдістемесі мен жинақталған тарихи білімді қайта бағалау, қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы, ұлттық мемлекеттілік пен оның қауіпсіздігі жөнінде көптеген тарихи мәселелер шешімін тапқанына куәміз.

Қазақ тарихындағы «ақтаңдақ» аталып, кеңес заманында ғылыми зерттеу тақырыбы ретінде қолға алынбаған есім – XVIII ғасырда өмір сүрген, қазақтың ауыз әдебиетінде батырлық жырлардың, қызықты аңыз-әфсаналардың кейіпкері ретінде көп сақталған Абылай хан болатын. Абылайдың есімін ауызға алудың өзі ескішілдік, керітартпа, хандық дәуірді, қараңғылық дәуірді ансағандық болып саналатын. Осындай насихаттың салдарынан ұлтымыздың соңғы бірнеше ұрпағы Абылай ханды ұмыта бастаған еді.

1985 жылдың көктемімен бірге келген тарихи жаңалықтар – «қайта құру», «жариялылық», «пікір жарыстыру» үрдістері көзімізді ашып, шындық аңсаған тілімізді шығара бастаған

сәтте Абылай хан есімін ауызға алған қазақ зиялыларының алдыңғы легінен Манаш Қозыбаев көрінгенін айтамыз. Ол Қазақстанның ең басты тарих зерттеу орталығы – ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры ретінде өзі бас болып, 1990 жылы тамыз айының 2-сі күні Көкшетау қаласында Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына байланысты ғылыми-теориялық конференция өткізді. Конференцияда Абылай ханның өмірі мен қызметі туралы өзі баяндама жасады. Баяндама мәтіні кейін ғылымның «Жауды шаптым ту байлап» деген тақырыппен шыққан жинағында басылды. «Ел басына күн туған кезде қазақ елінің ханзадалары такта емес, ұрыс алаңында сынға түсті. Халықтың ары мен намысын қорғар ер, күрес стратегиясын болжар көреген, тұрмыс қаракетін, көңіл күйін айтпай білетін қажырлы қайраткер ғана сүргелең де дүрбелең, от-жалынды, дабылды да дауылды кезеңнің сынынан өте алады», – деді ғалым.

Бұрын ауыз әдебиетінде ғана айтылатын Абылай есімді қазақтың ардақты азаматының саяси портретін халқына, ұрпағына тұңғыш рет ғылыми тілде, ғылыми ортаға қолмен нұсқап, көзге көрсетіп берген Манаш Қабашұлы болатын. Осыдан бастап «абылайтану» қа-

зақ тарих ғылымының айбынды да ардақты саласына айналды. Бірақ Абылай туралы ой қорыту, бағалы еңбектер жазу онай емес, Ғылым «инемен құдық қазғандай» қиын екені рас болса, абылайтанудың да өз қиындықтары

республикамыздың бас басылымы – «Егеменді Қазақстан» газетінде «Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына» деген айдармен жарық көрген «Абылай хан» атты мақала хат танитын қазақты елең еткізді. Авторы

“ *Бұрын ауыз әдебиетінде ғана айтылатын Абылай есімді қазақтың ардақты азаматының саяси портретін халқына, ұрпағына тұңғыш рет ғылыми тілде, ғылыми ортаға қолмен нұсқап, көзге көрсетіп берген Манаш Қабашұлы болатын. Осыдан бастап «абылайтану» қазақ тарих ғылымының айбынды да ардақты саласына айналды.* ”

жетеді. Ол туралы Манаш Қабашұлы былай деді: «Абылай хан тұлғасы жалаң, жадағай идеологияландырылған схемаға сыймайды. Ол – өте алып та, тұңғықтай терең тұлға. Оны тудырған оның сол ғажайып қиындықтарға толы заманасы».

Манаш Қабашұлы белгілі ғалым В.В.Бартольдтың «История турецко-монгольских народов» атты еңбегіндегі Абылай хан туралы «...самым могущественным из ханов XVIII века был хан Средней орды Аблай (1871-1781)», – дегенін келтіре отырып, сонымен қатар бұл зерттеушінің ұлы хан туралы келтірген теріс пікірлеріне өзінің қосылмайтындығын айтады.

1991 жылдың 2 тамызында «Абылай хан» деген тақырыппен

Манаш Қозыбаев еді. Сол күні қазақтың екінші газеті «Лениншіл жас»-тың бетінде де бір бетті толық жапқан «Абылай хан» деген мақала басылды. Бұл мақаланың авторы – Қазақ КСР еңбек сіңірген халық ағарту қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жанұзақ Қасымбаев. Бір күнде екі газетте жарыса шыққан екі мақала да, қазақ тарихын зерттеудің жаңа дәуірі басталғандығының белгісі деп білдік. М.Қозыбаев пен Ж.Қасымбаевтың мақалаларынан кейін Абылай туралы, ол билік құрған кездегі батырлар мен билер туралы қазақстандық авторлардың мақалалары шыға бастады.

Мен «Абылай хан» деген кітабым үшін жинаған материал-

дарымның бастапқы қолжазбасын Манаш Қабашұлына көрсеткенімде, ол: «Міне абылайтануды осылай бастау керек. Ежелгі тас ғасыры емес, бас-аяғы 300 жылға толмайтын уақыт ішінде Ресей, Қытай, Иран архивтерінде, тіпті Ауғанстанда Абылай хан туралы деректер болуға тиіс, соларды жинастыру керек. Дерекке негізделген еңбектің құны жоғары болады, іздене бер, іздей бер», – деп қолтығымнан демеген болатын.

Өкінішке қарай, Мәкең о дүниелік болып кетті. Мен ұстаздың айтқанын орындап, құжаттар іздеуді жалғастыра бердім. Сол тапсырмаға сай қолымда бұрыннан жинаған деректерімді кітап түрінде дайындап, 2005 жылы өз қаражатыма «Астана» баспасынан «Абылай хан» атты 499 бет жинақ шығардым. Бұл – Абылай тақырыбына архив құжаттары түрінде, қазақшаға аударылып жарық көрген республикадағы тұңғыш еңбек болатын. Кітапқа түрлі пікірлер келіп жатты. «Егемен Қазақстан» газетінде профессор Ақселеу Сейдімбековтің «Тарихи шындыққа жанаша көзқарас» деген мақаласы шықты. Онда менің кітабыма барынша мақтау сипатындағы пікір білдірген автор: «Осылайша З.Тайшыбай тұтас бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жалғыз өзі атқарыпты», – деген қорытынды жасаған.

Зерттеу жұмыстарын жалғастырып, екі рет мемлекеттік грант алып, Мәскеу, Ленинград, Омбы архивтерін зерттедім. Орынбор архивінің қорларын түгелге жуық қарадым. Нәтижесінде 2012 жылы Алматыдағы «Ел-Шежіре» баспасынан «Қазақтың ханы – Абылай» деген атпен екі томдық (әрқайсысы 620 беттен) еңбек шығардым. Президенттік «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көрген бұл еңбекте 250 құжат тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізілген. Барлық құжатқа түсінік берілген. Бұрын орыс тілінде жария болған құжаттар тұңғыш рет қазақшаланды.

Қырық жылға тарта созылған абылайтану жолындағы ізденістерім одан әрі жалғасуда. 2021 жылы «Северный Казахстан» баспасынан «Абылай хан тарихы» деген атаумен үш томдық еңбек жарық көрді. Абылай ханға қатысты орыс тіліндегі жинақ та дайын. Бұл – ұстазымыз Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың аманатының орындалғаны деп білемін.

**Зарқын ТАЙШЫБАЙ,**  
Қазақстан Жоғары мектебі  
Ұлттық ғылым  
академиясының академигі.

(Басы 1-бетте)

Республикалық статисти-  
каға жүгінсек, соңғы 10  
жылдың ішінде қалалардағы  
мектеп саны 1891-ден 2427-ге  
көбейіп, керісінше ауылдарда  
5830-дан 5260-қа кеміп кеткен.  
Оның басты себебі – әлеуметтік  
жағдайлардың күрделенуінен  
жастардың тұрақтамауы. Тұр-  
ғындардың қалаларға көшуі  
салдарынан ұлтымыздың ұйыт-  
қысы, мәйегі саналатын қазақ  
ауылдарының қатары сиреп ба-  
рады. Бүгінде өңірде 458 мектеп  
жұмыс істесе, оның 352-сі – ша-  
ғын жинақты, 109-ы қазақ  
тілінде, 105-і – аралас, 244-і –  
орыс тілінде. Әсіресе алыс ме-  
кендердегі білім ошақтары мә-  
дениетіміз бен дәстүріміздің ру-  
хани қайнар көзі болып табыла-  
тындықтан, өте сергек қарауды  
талап етеді. Соңғы 3 жылда  
өңір бойынша кепілдендірілген  
мемлекеттік нормативке сәйкес  
келмейтін 20-ға жуық мектептің  
жабылуы, 170 ауылда білім оша-  
ғының жоқтығы, 127 ауылда тек  
бастауыш немесе негізгі мек-  
тептер жұмыс істейтіні, апта са-  
йын 50 интернатқа тасымалда-  
натыны, күн сайын мектептерге  
2 мыңдай оқушының жеткізі-  
летіні көп нәрсені аңғартады.  
Ал республикада әрбір жетінші  
оқушының шағын жинақталған  
мектепте оқитыны, мұнда әрбір  
төртінші мұғалімнің сабақ бе-  
ретінін ескерсек, проблемалар  
андыздап қоя береді. Облыс-  
тың әлеуметтік-экономикалық  
дамуының 2025 жылға дейінгі  
кешенді жоспарын парақтап  
шыққанымызда оқушы орын-  
дарының тапшылығын қысқар-  
ту үшін 16 жалпы білім беретін  
мектеп салу көзделгенімен,  
ескілерін жаңалау, қалпына  
келтіру мәселесі ескерілмеген-  
дей, назардан тыс қалғандай  
әсер қалдырады. Аудандарға іс-  
сапар барысында кездестірген,  
шұғыл түрде түзетуді қажет  
ететін кейбір оқушыларға  
тоқтала кетейік.

### ЖЕТПС ЖЫЛ ЖӨНДЕУ КӨРМЕГЕН

Көлденең көз шаруасы  
шалқыған Есіл ауданы-  
на қарасты Мектеп ауылы тұр-  
ғындарының ұйымшылдығы-  
на, еңбекқорлығына қызыға  
қарайды. Сылдырай аққан Есіл  
өзенінің жағасы – малға да,  
жанға да құт. Тек қинайтыны –  
негізгі мектептің құрқылтайдың  
ұясындай тарлығы мен көлде-  
нең көзге қораш көрінетін тым  
ескілігі. Мектепте білім алатын  
қырыққа жуық оқушының 12-сі  
«Уақытша отбасы» қамқорлы-  
ғына алынған. Бірқатар отбасы  
«Оңтүстіктен – Солтүстікке»  
бағдарламасы шеңберінде қо-  
ныстанып, бала санының кө-  
бейгені қуантады. Соңғы жыл-  
дары Қызылжар ауданына қар-  
асты Подгорное негізгі мек-  
тебінде оқушы санының арта  
түскені байқалады. Бос үйлер  
жоқтың қасы. 2021 жылға дейін

# МЕКТЕП ЕСКІ, ОРЫН ТАР

## Қордаланған мәселелер қашан шешіледі?

таза орысша білім ошағы сана-  
лып келсе, бүгінде Монғолия-  
дан, Қытайдан қандастарымыз  
табан тіреген. Сөйтіп аралас  
мектеп мәртебесіне ие болған.  
«Әттеген-айы» сол, материал-  
дық-техникалық базаның та-  
лапқа сай еместігі. Әлі күнге  
дейін акт залы, шеберхана жоқ.  
Мұғалімдердің өздері аядай  
бөлмеде қысылып-қымтыры-  
лып отыр.

Жамбыл ауданы Жамбыл  
мектебінде болғанымызда 70  
жыл күрделі жөндеу көрмеген  
білім ошағын көріп, көңіліміз  
құлазыды. Мұнда қуана келген  
дипломды мамандардың тұрақ-  
тауы екіталай, өрекіпген қуа-  
нышы су сепкендей басылып  
қала ма деп қалдық. Асхананы  
қалпына келтіру сияқты жұ-  
мыстар мұғалімдердің күшімен  
атқарылған. Ауданда кей мек-  
тептердің жөндеуіне жергілікті  
бюджеттен қаржы бөлінсе, бұ-  
ларға келгенде оқу бөлімінің  
сарандық танытуы ақылға сый-  
майды. Білім беруді ұйымдас-  
тыру ісіндегі орашалақтықтың  
кесірінен Ұзынкөл, Сәбит, Ес-  
перлі, Миролубово елді мекен-  
дерінде бастауыш мектептер  
жабылған. Нақты шаралар қар-  
астырылмаса, Айымжан (27  
оқушы), Святодуховка (38),  
Бауман (28) мектептері осылар-  
дың жолын құшуы әбден ықти-  
мал.

### БАРДЫ ҚҰНТТАЙ АЛМАДЫ

Облыстық білім басқар-  
масы басшысының  
орынбасары Татьяна Протопо-  
пованың 2019 жылдан бері жү-  
зеге асырылып келе жатқан  
«Уақытша отбасы» бағдарлама-  
сы өз жұмысын тоқтатуы  
мүмкін деген мәлімдемесі та-  
лайлардың төбесінен жай түсір-  
гендей әсер етті. Жоғарыда айт-  
қанымыздай, өңірдегі ауылдар-  
дың кейбірінде білім ордасы  
жоқ. Мұндайда балалардың  
көрші ауылдарға қатынап бол-  
маса интернатта жатып оқуына  
тура келеді. Қанатқақты жоба  
аясында баланы интернатта  
күтіп-бағуға бөлінген қаражат  
уақытша отбасыға беріліп, осы  
санаттағы балаларды мектебі  
бар елді мекендегі отбасылар-  
дың бірі қамқорлығына алады.  
Быттыр ата-ана – уақытша от-  
басы – мектеп арасындағы үш-



жақты шарт негізінде 119 үйде  
132 бала тәрбиеленді. Оларға  
учаскелік инспекторлар, әлеу-  
меттік педагогтар, психологтар  
тарапынан жүйелі тексеру жүр-  
гізіліп тұрды. Мониторинг ба-  
рысында балалардың күтімі  
жақсы болғаны, сабақтан сирек  
қалатыны зерделенген. Олай  
болса, шенеуніктің соңғы уа-  
қытта ата-аналар «Уақытша от-  
басыға» қолдау көрсетуге құ-  
лықсыз деп жеті әлемге жар са-  
луы түсініксіз.

Жамбыл ауданы Благовеш-  
шенка ауылдық округіне қар-  
асты Майбалық елді мекенін-  
де былтыр 9 жылдық мектептің  
жабылып қалуы тұрғындардың  
арқасына аяздай батты. Енді  
балаларын 12 шақырым жер-  
дегі Благовешенкада оқытуға  
мәжбүр. Аудандық оқу бөлімі  
мен ауылдық әкімдік негізгі  
білім ошағын таратпауға тіке-  
лей ықпал жасаудың орнына  
«сен салар да мен салар, атқа  
жемді кім салардың» керін  
келтірген. «Уақытша отбасы-  
ның» артықшылықтары мен  
жеңілдіктерін түсіндіре оты-  
рып, тығырықтан шығудың  
амалдары қарастырылмаған.

Бар ауыртпалықты мектеп пен  
ұстаздар қауымына итере сал-  
ған. Олай дейтініміз, осыдан 9  
жыл бұрын Әлия Салықова,  
Айман Шамалова, Мұрат Ша-  
лабаев, Дунай Есенғалиева,  
тағы басқа қамқор жандар бір-  
бір баланы бауырына басып,  
мектепті сақтап қалған еді.  
Оның басқа да мысалдары бар.  
Мәселен, Мамлют ауданында-  
ғы 42 түтіні бар Искра ауылы-  
ның тұрғындары отбасылық  
құндылықтарды сөзбен емес,  
іспен дәлелдеген. Игі бастама-  
ны мектеп директорының тәр-  
бие ісі жөніндегі орынбасары  
Алеся Бондаревич бастап,  
Татьяна Лукьянченко, Светла-  
на Морозова, Ирина Шурупова,  
Надежда Быкова тағы басқа  
ұстаздар іліп әкеткен. Осылай-  
ша патронаттық тәрбиеге  
алынған балалардың есебінен  
мектеп оқушылары толыққан.

### КОЛДАУДАН ҚАҒЫЛҒАН БІЛІМ ҰЯСЫ

Шал ақын ауданының  
орталығы – Сергеев-  
ка қаласынан небәрі 15-20 ша-  
қырым жерде орналасқан, Аю-

тас ауылдық округіне қарасты  
Қаратал ауылындағы 1974  
жылы барак үлгісінде салы-  
нып, кейін білім ошағына ай-  
налдырылған мектепте бір кез-  
дері 160-тай бала оқыды деген-  
ге сену қиын. Сырттай қара-  
саң, қырық құранды ғимарат-  
ты көзге елестетеді. Іргетасы  
шөге бастаған. Спорт зал деген  
аты ғана. Дене шынықтыру са-  
бағы көбіне далада өткізіледі.  
Еңбек кабинеті басқа оқу пән-  
дерімен біріктірілген. Ең сора-  
қысы, мұражай жәдігерлері  
дәлізде иін тіресіп тұр. Мек-  
тепке алғаш келген адам тұтас  
қабырғаға жайғасқан аяқ-киім-  
ге қарап сауда-саттық дүңгір-  
шегі деп ойлап қалуы ғажап  
емес. Өзгеге қайдам, бізге со-  
лай елестеді. Қараталдықтар-  
дың жаңа мектеп салу жайын  
көтеріп, табандарынан тозған-  
дарына ондаған жыл өтсе де, іс  
алға жылжыр емес. «Осылар-  
дан құтылайықшы» дегендері  
ме, талай жыл иесіз тұрып,  
қаңқасы ғана қалған клуб ғи-  
маратын мектептің «меншігі-  
не» бере салған. Оның бір жағы  
– спорт залы, екінші бөлігі –  
шағын орталық. Тиісті құжат-  
тар әлі күнге дейін рәсімдел-  
меген. Психологтың кабинеті  
айналуға да келмейді.

«Кабинеттер мүлдем жетіс-  
пегендіктен, оқушылар екі  
ауысымда оқуға мәжбүр. Оның  
өзінде талапқа сай жабдықтал-  
маған. Биология, физика, хи-  
мия кабинеттері, акт залы, ше-  
берхана түстеріне ғана кіреді.  
Мұғалімдер бөлмесіне әрі кет-  
се 5-6 адам ғана сияды. Амал-  
сыздан асханаға барып тыны-  
ғады, сонда бойларын сәл-пәл  
сергітіп алады.

«Алыс ауылдардың да осын-  
дай қамқорлықтан қағыс қал-  
мауын қалаймыз. Қашанғы  
шетқақпай қала береді?», – деп  
қараталдықтардың жанайға-  
йын жеткізген ақсақал Орын-  
бай Сексенов 20 баспананың  
бос тұрғанын, жастардың тұ-  
рақтамай көшіп жатқанын  
кынжыла жеткізді.

Бір кездері 3 мың бас ірі  
қара өсіріліп, сүт фермасы  
болған, екі жүзге жуық адамды  
қысы-жазы тұрақты жұмыспен  
қамтамасыз еткен ауылдың  
казіргі ахуалы көңіл жабырқа-  
тады. 2024 жылы мектептің  
ағымдық жөндеуіне бар-жоғы  
141379 теңге ғана жұмсалғанын  
естігенде сенер-сенбесімізді  
білмедік.

Өмір ЕСҚАЛИ,  
«Soltüstik Qazaqstan».



**БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:** Аютас ауылдық округінің әкімі Баян Жылқыбайұлымен хабарласқанымызда, медициналық пунктке басқа жайлы орынның қарастырылып жатқанын, бір азаматтың әкімдіктің ескі ғимаратын сатып алып, клубқа айналдырмақшы ниеті барын, жаңа мектеп салу күн тәртібіне енгізілмегенін айтты. Алайда қағаз жүзіндегі әп-әдемі жоспарлардың қашан орындалатынын тап басып айта алмады. «Мектепте орын тапшылығын азайтудың қандай жолдары бар?» деген сауалымызға «Бәрі қаражатқа байланысты» деген қысқаша жауаппен шектелді.

## Qairan, bizdiñ analar!

Биыл Серік екеуміздің жүрек жарастырғанымызға – 30 жыл. Бүгінде тоқсанның төріне көтеріліп отырған Қамаш анаммен сол күннен бері бір шаңырақ астында түтін түтетіп келеміз. Қазақ әйеліне тән қарапайымдылық, кішіпейілділік пен биязылықты тұла бойына тоғыстырған ол кісіні мен ел анасына теңер едім. Үйелменді-сүйелменді Қайыркен, Әйгерім, Айзере деген ұл-қызымызды тілдері былдырлай шыққаннан бауырына басып, мәпелеп өсірді.



Қазыналы қариямыздың қызығы мен қиындығы қатар өрбіген өмір белестері жайлы сырлары «Өткен күндер елесі», «Өмір деген – кездесу мен қоштасу» деген естелік кітапшаларында байыппен баяндалған. Қос жинақты және жастайынан оқуға құмар «Soltüstik Qazaqstan» газетінің тігінділерін жеке архивінен ойда-жокта кезіктіргенде қарапайым тілмен жазылған көркем дүниелерінен бейхабар болар ма едім? Жүрек түкпірінде тербетілген сағыныш сезімдері ақ қағаз бетіне жыр шумақтар болып төгіліп, адам жанын ажарландырады.

Бірде емен-жарқын әңгіме үстінде: «Туыскандарыңыз Қайырбай атамизды менсінбей, амалсыздан жездесі екеуі сізді қазақтың салтымен алып қашқаны рас па?» – деп сұрап қалдым. Анамыз бірауық үнсіз отырды да, «айтпасыма қоймадың ау» дегендей маған бұрыла қарады. Шешіле сөйлеп, өткен күндерді көз алдыма елестетті. «1953 жылы арман қуып Алматыға бардым. Қыздар педагогикалық институтының студенті атанып, жүзіміз қуаныштан бал-бұл жайнап жүргенде бойшаң, сымбатты Қайырбаймен кездейсоқ таныс-

# Әулеттің ҰЙЫТҚЫСЫ

тым. Зооветте оқиды екен. Тағдырдың ауыр тауқыметін аз тартпағанын кейін білдім. 5 жасында әкесі Отан қорғауға аттанып, содан қайтып оралмаған. 30 жасында шешесі жесір, апасы мен қарындасы үшеуі панасыз қалған. Бірақ жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен бекзаттық пен мәдениеттілік сезіліп тұратын. 1958 жылы туған жерімдегі Қарашілік мектебінде ұстаздық қызметте жүргенмін. Бірде жанына жездесі – өңірге белгілі журналист Есілбай Қазбековті ертіп, үйге келіп тұр. Мінезі тік, біртөбеткей әкем Сыздық: «Мәпелеп өсірген жалғызымды Сібірге жібере алмаймын», – деп бірден кесіп айтқан соң «алып қашуға» келісуге тура келді. «Жақсының

ашуы жібек орамал кепкенше» демекші, кейін әкеміз райынан қайтып, ақ батасын берді», – деген анамыз сол кездегі шешімінің дұрыстығын қуаттағандай маған жымия қарады.

Анамыздың туған әкесі Асқап қызын еншісі бөлінбеген, бір баланың зарын әбден тартқан інісі Сыздық пен келіні Ұмсынайдың атына жаздырғанын кейін білдім. Содан үш жасынан бастап мұғалімдер отбасында өскен ол саналы ғұмырының 40 жылын білім беру саласына арнады. Көп жылғы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Соның бір белгісіндей «Қазақстанның халық ағарту ісінің үздігі» атағы ерекше ыстық.

Енді мына жағдайды кездейсоқтық па әлде сәйкестік

дейміз бе, қайсысына жатқызырымды білмеймін. Оған газет оқырмандары өздері баға бере жатар. Қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, басынан құс ұшырмай, үлкен өмірге жолдама берген Сыздық ақсақал мен Ұмсынай әжей бір шаңырақ астында жалғызсырап қалғанда енем ендігі қолқанаттарыңыз бен шаңырақ иелеріңіз осы деп екінші ұлы Қайратты бір жасында өз қолымен апарып берген. Анамыздың мәрттік мінезінің тағы бір айшықты белгісі өңірлік «Мерейлі отбасы» байқауының актық мәресі кезінде жарқырай көрінді.

«Келін – қайын ененің топырағынан» деп текке айтылмаған. Біз тез тіл табысып кеттік. Ақыл-кеңесін бұлжытпай орындап, өмірлік тәжірибесінен көп үйрендім. Қай жағынан болсын өзіме тартқанын деген сүйнішін жасырмайтын. Менің әке-шешем бұл отбасымен көрші тұрған, тонның іші бауындай араласқан. Менің кіндігімді Камаштай ізетті, ибалы болсын деген ырыммен кестірген. Келінім емес, қызымсың дейтіні сондықтан. Өзі де енесімен бір шаңырақ астында 32 жыл сыйласып өткен.

Анамыз бүгінде тамырын теренге жайған мәуелі бәйтерек іспеттес. Марқұм атамиз екеуі ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды, бәрі жоғары білімді. Жамбыл, Қайрат, Серік әкелері аманат етіп кеткен «Жанғали» ЖШС-ның өркендеуіне өз үлестерін қосып жүр. Қыздары Сапия қалада, Сәуле Сургутта тұрады. Бар тілеуі – олардан тараған 16 немере мен 25 шөберенің амандығы.

«Бақытын еңбектен және отбасыдан тапқан атаң туралы айтсам, әңгіме ұзақ. Ширек ғасырдан астам қызығымыз да, шыжығымыз да ортақ болды, бір шәй дескен жоқпыз. Адал еңбегінің арқасында «Құрмет белгісі» орденімен екі рет марапатталды. Бір кеншарды 20 жыл үзбей басқарғаны үшін өндіріс-тегі негізгі қорлардың он пайызына тегін ие болған өңірдегі төрт директордың бірі. Тірі болғанда ол да 90-ның сенгіріне көтеріліп, бірге тойлап отыратын едік. Әр шаңырақтың тұтқасы, панасы боларлық ұрпақ өсіргенімізге шүкіршілік етемін», – дейді бүгінгі әулеттің ұйытқысы, ақылшысы ерекше тебіреніспен.

Әлия СӘДУАҚАСОВА.

## Nazaryñyзда bolsyn!

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Психикалық денсаулық орталығы» ШЖК КМК (бұдан әрі - кәсіпорын) байқаушы кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Кәсіпорын денсаулық сақтау саласында медициналық қызметті жүзеге асырады. Кәсіпорынның мекенжайы: СҚО, Петропавл қаласы, Рига көшесі, 6, телефоны 8 (7152) 46-20-77.

Талаптарға жоғары білімнің болуы, сондай-ақ мынадай талаптардың бірі келді:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

Байқаушы кеңесінің мүшесі ретінде мынадай адамдар сайланбайды:

- 1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) байқаушы кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық қатынастағы адамдар.

Кандидат осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 30 күн ішінде мынадай құжаттар тізбесін ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін түрде);
- 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі-

## КОНКУРС

не қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын конвертке жапсырады, оны «түпнұсқа» деп белгілейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

- 1) «СҚО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ, Петропавл қаласы, Театр көшесі, 56А, 14 кабинет мекенжайы бойынша жіберілуі қажет;
- 2) «СҚО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ байқаушы кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «2025 жылғы 3 наурызға дейін ашпаныз» деген сөздер қамтылсын.

Байқаушы кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс 2025 жылғы 5 наурыз күні сағат 17.00-де Петропавл қаласы, Театр көшесі, 56А, 14 кабинет мекенжайы бойынша өткізіледі.

\*\*\*

КГП на ПХВ «Центр психического здоровья» КГУ «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области» (далее – предприятие) объявляет конкурс по отбору членов Наблюдательного совета.

Предприятие осуществляет медицинскую деятельность в области здравоохранения. Адрес предприятия: СҚО, г. Петропавловск, ул. Рижская, дом 6, тел. 8(7152) 46-20-77.

Требования, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- 1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;
- 2) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;
- 3) членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не избирается лицо:

- 1) имеющее непогашенную или неснятую судимость;
- 2) являющееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
- 3) ранее совершившее коррупционное правонарушение;
- 4) находящееся в отношении близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Кандидат в течение 30 дней с момента опубликования настоящего объявления предоставляет следующий перечень документов:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

- 1) быть адресованы КГУ «Управление здравоохранения акимата СҚО» по адресу г. Петропавловск, ул. Театральная, 56А, каб. 14;
- 2) содержать слова «Конкурс членов наблюдательного совета КГУ «Управление здравоохранения акимата СҚО» и «Не вскрывать до 3 марта 2025 года».

Конкурс по отбору членов наблюдательного совета проводится в 17.00 ч. «5» марта 2025 г. по адресу г. Петропавловск, ул. Театральная, 56А, каб. 14.

# Василек



(Басы өткен сандарда)

— Әй, Теңіз, барсың ба, егінге жылқы түсті, жүгір бар...

Күркіреген дауыс Құттыбайдікі. Қырсығу қанында жоқ бұл атып шықты. Есік пен төрдей жирен қасқаның үстінде Құттыбай отыр. Өзі ірі адам, екі иығына екі адам мінгескендей жауырынды, қарны ердің алдыңғы қасын жауып тастаған. «Қазір» деді де шарбаққа іле салған қайыс жүгенді алып, сусылдаған жиреннің артынан емпендей жөнелді.

— Жүгенінді ал да, түс алдыма.

Ауылға ең жақын алқап бес жүз қадамдай ғана жерде. Жыл сайын дақыл ауыстырып арпа мен бидай, жүгеріні кезек егетін. Биылғы кезек арпада. Әжептәуір дән байланып қалған масақты сүйсіне опырып, күрт-күрт шайнап тұрған үйірдің ішіндегі Василек көзіне оттай басылды. Торының әдемісі. Тұрысы да еліктей, мойнын созып шұлғып-шұлғып қояды. Бестіден шықса да тұрқы құнандай ғана. Сирақтары сидам, сырған ұзын, төрт аяғы шашадан ақ. Құйрық-жалы жылтыр кара, қою да емес, сұйық та емес, мандайынан танауына дейін созылған қасқа, құлағын қайшылап тұратын бұзаубас. Он шақты жылқының ішінде өзінің де тұрысы бөлек, қараған жанның назарын өзіне бұратын көрікті жануар. Өзінің әдемілігін білетін сияқты, кербездігін көрсетейін дегендей билеп қояды. Бұларға үрке қарағанымен қашпады.

— Не ғып тұрсың қақиып, ұста!

Теңіз Құттыбайдың көзіне тік қарауға жасқанып, Орликке қарай жүрді. Жүген ұстаған сол қолын артына тығып, оң қолын соза «құрау-құраулап» жақындағанда, «Василекті ұста» деді. Сасып қалды. Қалжыны ма, тексергені ме, әйтеуір адам түсінбейтін, түсінсін деп ұмтылмайтын, әкім-кара болмаса, алдына келгенді тұқыртып, қойдай өргізуге бейім жан. Билігі беп адамнан жасқанып, жақсам деп жалбағайлап тұратын жылпос.

— Орликті таскөтке беретін болдым, қойға жіберіп жатыр екен, әкене көмекші қылып...

Құттыбай мен Серік құрдас, соны пайдаланып батыра сөйлейді. Серіктің ішетіні болмаса,

тірі жанға қиянаты жоқ. Құттыбай жұрт алдында келемеждеп, жер-жебіріне жететін боғауыз. Құрдастары ғана емес, бұны көрсе үлкен-кішінің бәрі қашқақтап, әңгімелесе қалса тартынып тұрады. Өз әйелінен ғана ығады, ол бар жерде ауызды тыйып, сөзден де, арақтан да тартынып отырады. Ол жоқ жерде аттың басын жібереді. Құрдастарының: «Құттыбай ат жегеді, Құттыбайды Мәрияш жегеді», — дейтіні де содан шыққан. Қайбір жылы жидекке барған жерінен аты қашып кетіп, Мәрияшты арбаға отырғызып өзі сүйреп келгені бар. Бұл жолы да, бәлені арақтан тауып жүрген құрдасын тұқыртпақ.

Айнып қалмаса екен деп, торы қасқаға беттеді. Жатырқаны ма, жақтырмағаны ма, жалт бұрылып, тебетін сынай танытты. Қос құлағын бірдей жымып, пыскырып тұр. Теңіз сасып, шап беруге жүрегі дауаламады.

— Әй, нокай неме, ат та ұстай алмайды бұлар. Тұр былай, — деді де, жанаса бере жиреннің үстінен еңкейіп барып, Василектің мойнынан құшақтап алды.

— Сал жүгенді, — деп ақырды.

Оқыста қолға түсіп қалған Василек қанша жұлқына да қарулы қолдан құтыла алмасын сезгесін, қос аяғымен кезек тартып, оскырып тұр. Жүгенге сіңген бөтен иісті сезгесін көзі аларып, жұлқынуы да күшейді. Құттыбайдан бір, аттың тебуінен екі қорқып, қолы дірілдеп жүріп жүгенді әрең кигізді. Сағалдырығын тартқасын ғана жуасыған секілді болғанымен, ауыздықтарда басын ала қашып тағы әуреге салды. Онда да Құттыбай араласып, құлағынан басқасын ғана ыркына көнді. Енді міну ғана қалды. Жалынан ұстап, қарғып мінбекші еді, аяғы жетпей қалды. Тағы да Құттыбай көмектесті. «Боскөт, нокай, орыс» секілді небір сөзді босатты. Тұздықтап, жеті атасын да сыбап шықты. Әулірімдеп жүріп әзер мінді. Жаз бойы семірген қойшының атындай емес, Василек сидан, омыртқасы шодырайып жамбасқа батады. Қопандап қойып, тізгінді тартып қалып еді, енді жүре берген ат басын көтеріп қалғанда еңкейіп отырған бұның қасқандықтан сарт еткізді. Басы айналып, тізгінді қоя берді. Басы босағасын әбден

тойып, шиыршық атып тұрған жылқы ытырына жөнелгенде Теңіз ауып қалды. Бүк түсіп жатқан мұны көрген Құттыбай екіленіп кетті.

— Жарымес, ат міну сенің не теңін, жаяу жүре бермейсің бе, мына түріңмен ертең арандап қалсаң, мен жауап беремін бе?

Басы айналып әкетіп барады, мандайын ұстап еді, дуылдатып аши жөнелді. Жүгеннің желкелігіндегі шығырмақ жырып кеткен секілді. Қайта тұрып, Құттыбай алға тартқан Василектің жалына тағы жармасты. Бұл жолы ашудан ба, ұялғанынан ба, бір ырғып мінді.

— Тізгінді қатты тартпа, басын кегжете береді бұл, тақымынды қысып отыр, бұлт-бұлт еткенде қалай сыпырылып түскенінді өзің де білмей қаласың.

Құттыбай бұл жолы зекіген жоқ, аяғаны ма, әлде асығып тұрма, жылқыны ойға айда деді де, жиренді сипай қамшылап жүріп кетті. Василек тақымды қысқан сайын ытырынады. Еркін отырайын десе, бұлғаң етіп сусылдата желе жөнелгенде қопандап ауып қала жаздайды. Амалсыздан оң қолымен жалынан тас қылып ұстап алды. Тізгінді де бос жіберген, тартса болды басын жұлқа көтергенде жүрегі шайлығып қалғандықтан шалқалай қалады. Амалсыздан тізгінмен емес мойнынан сипай қақпақылдап бұрып келеді. Жылқыны шығарып, ойға түсірді де, үйіне қарай аяңдады. Шошаладан ескі ерді алып, салмақ болып еді, терсінді тоқымнан бөтен иісті сезіп, тыпырышып біраз әуреге салды. Теңіздің де шапшандығы шамалы әрі манағы құлағанынан кейін беті қайтып қалыпты, «тыр-тырлап» жүріп әрең ерттеді. Сықырлақ солдат ер жалпып сұлу торы аттың сикын қашырып-ақ тұр. Мұндай келісті атқа қазақы ер жарасар еді, қайдан, ел ішінде ер шабатын да адам қалмады ғой, тіпті ықшам казак ері болса деп армандап қойды іштей.

Василекке мінгелі Теңіздің өмірі өзгеріп сала берді. Әйтеуір өзіне солай көрінетін. Үркек ат екі-үш рет жалт еткенде ауып қалғаны да бар, үзгеніден аяғын шығарып үлгеріп, аман қалды. Есесіне бұрынғыдай бүкжмей, денесін тіктеп, тіпті шалқалап отыратын болды. Ұзын талдың басына брезент байлап, егінге кірген малды шықыртып ұрғанда жауында кеткен кегін алғандай рақаттанады. Тіпті, ауыл маңында бейсауат жайылып жүрген мал көрсе де тырқыратып қуғанына тілінің тікені бар кейбір әйелдер, мынаған билік тимей жүр екен ғой деп, «поленің деректірі» деген айдар тағып, ат қойып алған.

Сағындық РАҚЫМЖАН,  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі.  
(Жалғасы бар)

## Salamatty ömir salty



## ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ «МОРЖДАРЫ»

**Біз бетті қарыған аяздан жылы пәтерге тез жетуге асығып, ыстық шай ішіп жылынды ойласақ, жерлеріміздің арасында мұздай суға түсуді асыға күтетіндер бар. Шымыр боламын деп қыста суға сүнгітін оларға солтүстіктің сарышұнақ аязы кедергі емес.**

Есіл өзенінің жағасындағы қалалық жағажайдағы «морждар» шомылатын ойық ағашпен қоршалыпты. Әдемі әуен, киім ауыстыратын шатырлар, көңілді атмосфера — мұның бәрін клуб мүшелері өз қолдарымен және өз қаражатына жасаған.

Олардың өмірдегі кәсіптері әр алуан болғанымен, ермектері бір — мұздай суға шомылу. Қаладағы морждар клубына 100-ден астам адам мүше. Олардың жас айырмашылықтары да әртүрлі. Ең үлкені 66-дағы зейнеткер, ең кішісі 10 жаста. 20 шақты әйел бар. Бәрі де ауру-сырқау дегеннің не екенін ұмыту үшін сенбі, жексенбі және мейрам күндері таңертең 10-нан түске дейін мұздай суға шомылуды әдетке айналдырған.

Салқын судан шыққандар ыстық шай ішіп жылынады. Шомылатын күндері клуб мүшелері ойықтың айналасында кезекшілік атқарып, тәртіп пен қауіпсіздікті қадағалайды, қатарға жанадан қосылған «морждарды» салқын суға дұрыс сүнгуге үйретеді.

2017 жылы құрылған Петропавл морждар клубының ұйымдастырушысы Ерік Мағамбетовтің айтуынша, салқын суға түсуді жаны сүйетіндер бастапқыда өз қаражаттарына мұз кесетін құрал-жабдықтар алған, онымен қатқан мұзды шомылар алдында ойып, тазалап отырады. Қатты аязда қалың болып қататын мұзды ою қиын болғандықтан, кетерде ойықтың бетін толық жабатын қақпақ орнатқан.

— Жалпы қыста мұздай суға шомылу денсаулықты сауықтырады. Үрей мен қорқынышты жеңе білудің өзі ағзаны шынықтырады. Адамның иммунитеті күшейіп, түрлі маусымдық ауруларға төтеп бере алады. Егер тұрақты айналысатын болса, қан айналымы жақсартады, себебі мұздай суға түскенде денедегі күре тамырлар белсенді жұмыс істейді, — дейді 8 жылдан бері мұзды суға түсіп шынығып жүрген Ерік Мағамбетов.

Ережені білмейтіндер мұздың үстінде көбірек тұру пайдалы деп ойлайды. Керісінше, судан шыққан соң аяққа жүннен тоқылған шұлық киіп, денені орамалмен ысқылап, ыстық шай ішу қажет. Сонымен қатар мұздай суға шомылудың өз ережесі бар. Шешінуді аяқтан бастау керек, суға да аяқпен кіру керек, баспен сүнгуге болмайды. Мұздай суға бірінші рет шомылған адамға 30 секундтың өзі жеткілікті болса, тәжірибелі «морждар» минуттап жүзе алады.

— Салқын суға түсу кезінде дұрыстап тыныс алу қажет. Өйткені суық ауада тыныс алу маңызды рөл атқарады. Бастысы — қорықпау. Жалпы соңғы жылдары қыста суға түсуге қызығушылық танытып жатқандар өте көп. Себебі қазіргі таңда салауатты өмір салтын ұстану сәнге айналууда. Айына бір рет балаларымен бірге келіп, шомылып кететін 4-5 отбасы бар, — дейді морждар клубын ұйымдастырушы.

Әр адам өз денсаулығына зиян келмеуі үшін нұсқамаға сәйкес дұрыс әрекет етуі тиіс. Суық суға бірінші рет түсетін адам міндетті түрде дәрігердің кеңесін алады. Себебі суық суға шомылу шынықпаған адам үшін қауіпті. Тынысы тоқтап, есінен танып, аяқ-қолы тартылуы мүмкін. Жүйке жүйесі, жүрек қан тамырлары, буындары ауыратын және басқа да созылмалы ауруы бар адамдарға шомылуға болмайды.

Гүлфайруз ТӨРЕМҰРАТОВА,  
«Soltüstik Qazaqstan».  
Суретті түсірген  
Шыңғысхан БЕКМҰРАТ.

## Estimegen elde көп

АДАМНЫҢ ЦИФРЛЫҚ  
НҰСҚАСЫ

Стэнфорд университеті мен «Google DeepMind» ғалымдары жасанды интеллектінің адамның цифрлық нұсқасын жасау технологиясын таныстырды. Бұл жүйе екі сағаттық әңгімеден соң адамның мінез-құлқы мен ойлау ерекшеліктерін 85 пайыз дәлдікпен қайталай алады. ЖИ оның білімі мен интеллектін ғана емес, сонымен қатар мәдени, психологиялық, әлеуметтік реакцияларын да дәлме-дәл көшіреді. Мұндай технологияны зерттеулерде, бизнесте, саясатта қолдануға болады. Дегенмен мамандар этика ережелерін бұзбау маңызды екенін ескертіп отыр.

## O,toba!

## НЕКЕ ЖАСЫ – ТОҒЫЗ

Ирак парламенті жеке мәртебе туралы заңға енгізілген түзетулерді мақұлдады. Сыншылардың пікірінше, жаңа заң жобасы іс жүзінде балалардың некесін заңдастырады. Елдің қолданыстағы заңнамасы бойынша некеге тұрудың ең төменгі жасы – 18 жас. Алайда жаңа түзетулер діни қызметкерлерге ислам құқығының өзіндік түсіндірмесін қолдануға мүмкіндік береді. Яғни, некеге жасөспірім кезден немесе тіпті 9 жастан бастап тұру мүмкіншілігі беріліп отыр. Өзгерістерді жақтаушылар, соның ішінде шиит депутаттары түзетулер заңнаманы ислам дәстүрлеріне сәйкес келтіруге және батыс мәдениетінің Ирак қоғамына әсерін азайтуға көмектеседі дейді.



## Jahandyq мәsele

Кез келген елдің болашағын қалыптастырудағы маңызды бағыттың бірі – жастардың дамуы. Бұл саланы елу жылдан аса уақыт бойы зерттеп келе жатқан «The Commonwealth Secretariat» достастық хатшылығы атты бірлестік бар. Биыл осы бірлестік «Жастардың жаһандық даму индексі» деп аталатын ғылыми есепті жариялады.



## ЖАСТАР – ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ

Аталған есепте берілген зерттеу деректеріне сүйенсек, әлем жастары жұмыссыздық, еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік және денсаулық сияқты мәселелерге тап болып отыр. Бұл мәселелерді тиімді мемлекеттік саясат және қажетті салаларға инвестиция құю арқылы шешуге болатыны туралы мамандар пікірі берілген. Мәселелерді достастық хатшылығы экономика және бейбітшілік институтымен бірлесе отырып, өзгеріс динамикасы қорытындысымен талдап шыққан.

Бір ескеретіні, зерттеу аясында 15-29 жас аралығындағы азаматтар ғана қарастырылған. Зерттеу нәтижелеріне көз жүгіртсек, бірден 2024 жылғы жағдай бойынша алғашқы

орынды Сингапур иеленгенін байқаймыз. Жастар дамуына ең қолайлы орта ұсынатын бестіктегі қалған төрт ел – Дания, Португалия, Исландия, Словения. Бұл жолы көшті «Шығыс Азия барысы» Сингапур бастағанымен, алғашқы ондықтағы елдердің барлығы Еуропада орналасқан. Атап айтсақ, тізімді Норвегия, Ирландия, Испания, Мальта, Швейцария жалғастырып отыр. 183 елдің арасында 81-орын Қазақстанға тиесілі.

Алдыңғы есепке қарағанда, бұл жолғы индекстің барлық саласында әлемдік орташа көрсеткіш әлдеқайда жақсарған. Ең үлкен жаһандық ілгерілеу жұмыспен қамту саласында байқалып, көрсеткіштер

6,1 пайызға өскен. Керісінше, жаһандық деңгейде төмен көрсеткіштер саяси және азаматтық белсенділік саласына тиесілі. Мәселен, 127 мемлекетте бұл сала бойынша ілгерілеу анықталса, қалған 56 елде жағдай нашарлаған. Бұл тұрғыдан ең үлкен ілгерілеу 69,5 пайыз көлемінде Индонезияда, ал ең төмені Пәкістанда (34,1 пайыз) тіркелген. Демек әлем елдері жастарды саяси шешімдерді қабылдауға тарту және оларды саяси алаңға көбірек шығару үшін әлі де ауқымды стратегиялық жұмыстар жүргізу қажеттігі байқалады. Әлем бойынша ең төмен нәтижелерді Нигер, Оңтүстік Судан, Сирия, Йемен, Ангола көрсеткен.

## Oquñyz, quzyq!

## ЕГІЗДЕР АУЫЛЫ

Үндістанның Керала штатындағы Кодинхи ауылы әлемге «Егіздер елі» деген атаумен танымал. Өйткені мұнда қазір 500-ден астам егіз бар. Ғалымдардың айтуынша, осынау ерекше құбылыстың себебі генетикадан бұрын, сол ауылдың табиғатына байланысты. Тағы бір таңғаларлығы, дүние жүзінің басқа жерлерімен салыстырғанда бұл елді мекенде егіздер алты есе жиірек өмірге келеді екен.

## Dästür

## «ТІРІ МҰНАРАЛАР»

Каталония халқының бірлігі мен қайсарлығын көрсететін ерекше дәстүрі бар. Бұл – адамдардан құралған тірі мұнаралар құру өнері «Кастельс». Мұнаның төменгі қабатын денесі мығым жігіттер ұстап тұрса, жоғары қабаттарға жеңіл әрі епті жастар көтеріледі. Әр көрермен жанын шүберекке түйіп, керемет шоуы тамашалайды. Аталған дәстүрдің екі ғасырдан астам тарихы бар.

## Qysqa qaiyrғanda

Қытай ұлттық статистика бюросы халқының үшінші жыл қатарынан азайып бара жатқанын жариялады. Халықаралық сарапшылар бір мезгілде жұмысшылар мен тұтынушылар санының қысқаруы салдарынан әлемнің екінші экономикасы қиындықтарға тап болады деп аландайды. Өйткені Қытайдың экономикасы күйзелсе, әлемдік дағдарыс басталуы мүмкін.

Калифорнияның Лос-Анджелес қаласы маңындағы тау етегінде тағы да алапат өрт шықты. Отыз мыңнан астам адам қауіпсіз жерге көшірілді.

Тегеранда Иранның жоғарғы сот фи-

маратының жанында атыс болып, екі судья қаза тапты. Жергілікті билік бұл оқиғаны теракт деп бағалады. Алдын ала мәлімет бойынша, шабуыл жасаған адам өз-өзіне қол жұмсаған.

Жогорку кенеш отырысында Бішкектегі кептеліс мәселесін шешу үшін ел астанасын көшіру ұсынылды. Депутат Бакытбек Мариповтың айтуынша, ел астанасында қандай әкім болса да, түтін мен көлік кептелісі мәселесі шешілмейді.

Гуманитарлық жүк тиеген тоғыз жүз жүк көлігі соңғы айларда азық-түлік пен негізгі қажеттіліктер тапшы Газа секто-

рына жетті. Бұл туралы БҰҰ гуманитарлық істерді үйлестіру басқармасының есебінде айтылған.

Зимбабве үкіметі президент Эммерсон Мнангагва заңға қол қойғаннан кейін өлім жазасын алып тастағанын жариялады. Биліктің мәліметінше, бұрын өлім жазасына кесілген 60 сотталушының жазасы бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылған. Зимбабведе соңғы рет өлім жазасына кесу 2005 жылы тіркелген.

Мадагаскардың солтүстік және шығыс бөлігінде жылдамдығы 140 км/сағат болатын дауылды жел соғып, қатты нө-

сер жауды. Носи-Бе аралы, Амбре мүйісі мен Бесалампи қаласы арасындағы елді мекендер зардап шекті. Воэмар және Мароанцетра қалаларынан бір мыңнан астам адам шұғыл түрде эвакуацияланды.

Уэльс ханшайымы Кейт Миддлтон алғаш рет «Instagram»-дағы ресми парақшасында қатерлі ісік ауруын емдегеннен кейін ремиссияда жүргенін хабарлады.

Оңтүстік Корея ұшу-қону жолақтарындағы бетон бөгеттерді алып тастайды. Мұндай шешім адам өліміне әкелген ұшақ апатынан кейін қабылданған.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылы 11 наурыз күні сағат 11.00-де «Ленинград Жолдары» ЖШС «Куйбышев кен орнында магмалық тау жыныстарын (құрылыс тасын) игеру» жұмыс жобасының қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Өтетін орны: СҚО, Ақжар ауданы, Ленинград ауылы, Горький көшесі, 42 (әкімдік ғимараты).

Катысушылар жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін тіркеле алады.

Қосылу мәселелері бойынша әзірлеушінің телефондарына хабарласуға болады.

«Мукур-Турсан» ЖШС өзінің қатысушыларына 2025 жылғы 1 наурыз күні сағат 11.00-де «Мукур-Турсан» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы мына мекенжайда өтетінін хабарлайды: СҚО, Мамлют ауданы, Калугино ауылы, «Мукур-Турсан» ЖШС кенесі.

Жалпы жиналыстың күн тәртібінде мынандай мәселелер қаралады:

1. «Талапкер» кредиттік серіктестігі ЖШС-да кредиттік желі ашу жөніндегі

Тұтынушы, мәліметтер мен байланыс деректері: «Ленинград Жолдары» ЖШС, СҚО, Ақжар ауданы, Ленинград ауылы, Зеленый көшесі, 76, БСН: 990940002 354

Әзірлеуші: «СЕВЭКОСФЕРА» ЖШС, Петропавл қаласы, Алтынсарин көшесі, 168Б, телефоны 46-77-56

Жергілікті атқарушы орган: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, телефоны: 8(7152)533651. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat>.

келісімді жасау туралы.

2. «Талапкер» кредиттік серіктестігі ЖШС мен «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ға «Талапкер» кредиттік серіктестігі ЖШС-ның алдында «Мукур-Турсан» ЖШС-ның және «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ның алдында «Талапкер» кредиттік серіктестігі ЖШС-ның міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін мүліктерін кепілге қою туралы.

3. «Талапкер» кредиттік серік-

Жоба бойынша құжаттама <https://ecorportal.kz> БЭК-те «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген кезде қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Бірыңғай экологиялық порталда және «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ сайтында сілтеме беріледі.

Жоба бойынша ақпарат алуға және құжаттардың көшірмелерімен танысуға, сондай-ақ жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар жіберуге болатын электрондық және пошталық мекенжай: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, СҚО, Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57в, e-mail: [dpr@sko.gov.kz](mailto:dpr@sko.gov.kz).

Қосымша мәліметті (87152) 46-77-56 байланыс телефоны немесе [sevekosfera@inbox.ru](mailto:sevekosfera@inbox.ru) электрондық поштасы арқылы алуға болады.

тестігі ЖШС-ның алдында «Мукур-Турсан» ЖШС-ның өз міндеттемелерін және «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ның алдында «Талапкер» кредиттік серіктестігі ЖШС-ның өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайларда «Талапкер» кредиттік серіктестігі ЖШС мен «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ға кепілге қойылған мүліктерді өз меншігіне алу құқығымен соттан тыс жүзеге асыруға келісім беру

туралы.

4. «Мукур-Турсан» ЖШС директоры А.Ж.Черниязовқа кредиттік желіні ашуға, мүліктерді кепілге қоюға және шағын кредитті алуға байланысты құжаттарға қол қоюға өкілеттілік беру туралы.

Жалпы жиналыс Қазақстан Республикасының «Шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Заңының 44-48 баптарына сәйкес өткізіледі.

«Олимп-Кокшетау» ЖШС 2025 жылғы 13 ақпаннан бастап 10 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық порталда ([ecorportal.kz](https://ecorportal.kz)) Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданында орналасқан «Октябрьское» кен орнының құрылыс құмын өндіру жөніндегі операцияның салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетін болады.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аума-

ғында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі: Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Большеизюмовский ауылдық округі, Большой Изюм ауылы.

Бастамашысы – «Олимп-Кокшетау» ЖШС, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Большеизюмовский ауылдық округі, Октябрьское ауылы, Садовая көшесі, 3, 4 үй, телефоны: 8775-668-00-60.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын

құжаттармен және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен мына сайтта танысуға болады: [ecorportal.kz](https://ecorportal.kz) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat>.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қаласы, Васильковский шағынауданы, 4Г, 2- қабат, тел.: 8 (707) 156-44-71, e-mail: [alait2030@gmail.com](mailto:alait2030@gmail.com).

Жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін

қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57в, тел.: 8 (7152) 53-36-40, электрондық мекенжайы: [dpr@sko.gov.kz](mailto:dpr@sko.gov.kz).

Құжаттамамен танысуға, ұсыныстар мен ескертулерді <https://ecorportal.kz> бірыңғай экологиялық порталында қалдыруға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

11.03.2025 года в 11.00 часов ТОО «Ленинград Жолдары» проводит общественные слушания по проекту оценка воздействия на окружающую среду к плану горных работ: Разработка магматических пород (строительного камня) на месторождении «Куйбышевское». Место проведения: СҚО, Ақжарский район, с.Ленинградское, ул. Горького, 42 (здание акимата).

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик, реквизиты и контактные данные: ТОО «Ленинград Жолдары» СҚО, Ақжарский район, с.Ленинградское., ул. Зеленая, 76. БИН: 990940002 354

Разработчик: ТОО «СЕВЭКОСФЕРА» г. Петропавловск, ул. Алтынсарина, 168Б. телефон 46-77-56, БИН 070540003044

Местный исполнительный орган: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СҚО», тел: 8(7152) 53-36-51. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat>.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecorportal.kz/> в разделе «Общественные слушания».

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СҚО».

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить информацию по проекту и ознакомиться с копией документов, а так же направить замечания и предложения по проекту: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СҚО», г. Петропавловск, ул. Парковая, 57в, e-mail: [dpr@sko.gov.kz](mailto:dpr@sko.gov.kz).

Дополнительную информацию можно получить по номеру (87152) 46-77-56 или через электронную почту [sevekosfera@inbox.ru](mailto:sevekosfera@inbox.ru).

ТОО «Мукур-Турсан» извещает своих участников о созыве внеочередного общего собрания участников ТОО «Мукур-Турсан», которое состоится в 11.00 часов 1 марта 2025 года в конторе ТОО «Мукур-Турсан» по адресу (СҚО, Мамлютский район село Калугино) на котором будут рассматриваться следующие вопросы повестки дня:

1. О заключении соглашения об открытии кредитной линии в ТОО

«Кредитное товарищество «Талапкер»

2. О предоставлении в залог ТОО «Кредитное товарищество «Талапкер» и АО «Аграрная кредитная корпорация» имущества в качестве обеспечения исполнения обязательств ТОО «Мукур-Турсан» перед ТОО «Кредитное товарищество «Талапкер» и ТОО «Кредитное товарищество «Талапкер» перед АО «Аграрная кредитная корпорация».

3. О предоставлении согласия ТОО

«Кредитное товарищество «Талапкер» и АО «Аграрная кредитная корпорация» на внесудебную реализацию передаваемого в залог имущества с правом обращения в свою собственность, в случае не исполнения и/или ненадлежащего исполнения ТОО «Мукур-Турсан» своих обязательств перед ТОО «Кредитное товарищества «Талапкер» и ТОО «Кредитное товарищества «Талапкер» своих обязательств перед АО «Аграрная кредитная корпорация».

4. О наделении полномочиями директора ТОО «Мукур-Турсан» Черниязову А.Ж., на подписание документов, связанных с открытием кредитной линии, предоставлением в залог имущества и получением микрокредита.

Собрание проводится в соответствии с Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» ст. 44-48.

ТОО «Олимп-Кокшетау» с 13.02.2025 г. в течении 10 рабочих дней на Едином экологическом портале ([ecorportal.kz](https://ecorportal.kz)) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по Разделу «Охрана окружающей среды» к Плану ликвидации последствий операции по добыче строительного песка месторождения «Октябрьское», расположенного в Тайыншинском районе Северо-Казахстанской области.

Список административно-территориаль-

ных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Северо-Казахстанская область, Тайыншинский район, Большеизюмовский с.о., с. Большой Изюм.

Инициатор – ТОО «Олимп-Кокшетау», Северо-Казахстанская область, Тайыншинский район, Большеизюмовский с.о., с. Октябрьское, улица садовая, дом 3, 4, тел 8775-668-00-60.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН: 100540015046, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Г, 2 -этаж, телефон 8(707) 156-44-71, e-mail: [alait2030@gmail.com](mailto:alait2030@gmail.com).

Ознакомиться с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно на сайте [ecorportal.kz](https://ecorportal.kz) и <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat>

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний – КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», г. Петропавловск, ул. Парковая, 57в, телефон 8 (7152) 53-36-40, электронный адрес: [dpr@sko.gov.kz](mailto:dpr@sko.gov.kz).

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>.

## Mädeniet



Ақан сері атындағы облыстық филармонияда «Сағындырған әндер-ай» атты концерт өтті. Мәдени шарада өткен ғасырдың 60–80 жылдары қазақ әнінің көкжиегін кеңейтіп, өресін биіктеткен өнер саңлақтары Әбілахан Есбаев, Бақытжан Байқадамов, Әсет Бейсеуов, Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Сейдолла Бәйтерекөв, Ескендір Хасанғалиев, Кеңес Дүйсекеев сынды сазгерлердің туындылары орындалды.

## ЕСКІРМЕЙТІН ЕСТІ ӘНДЕР

— Ардақты тұлғалардың ғажап әндері жабырқаған жанның жүрегіне үміт отын жағып, көңілге асқақ арман, мөддір сезім сыйлады. Халқымыздың музыкалық өнері жаңа биіктерді бағындырып, сазгерлер есімі қазақ халқының жанымен үндесіп жатты. Біз бұл ән кешін ерекше форматта өткізуге тырыстық. Кеш барысында караоке қосылып, көрермендердің өздеріне ән айтқызыдық, — деді шара жүргізушісі Еркебұлан Қарып.

Дәстүрлі әнші Жанат Айтбаев орындаған «Ауылым» әні кештің шырайын кіргізе түсті. Сегіз сері атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен Ғалымжан Нұрпейіс, Ерасыл Алпысбай, Нариман Жолдасбеков, Медет Ибадуллаев, «MiAMi» тобы, Асхат пен Динара Таушевтардың орындаған әндері көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

— Ескірмейтін ескі әндер тек

сезім қылын шертіп қана қоймайды. Кең көңіл, ұлттық дүниетаным, өмірлік ұстанымнан хабар беретін үлкен күш. Ән — толқыныс, ән — арпалыс, ән — парасат биігінің жемісі. Солтүстікқазакстандықтарға көңілді кеш сыйлаған өнерпаздарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, — деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір Елеусізөв.

Самрат ҚҰСКЕНОВ,  
«Soltüstik Qazaqstan».

## Bärekelді!

## ОҚУШЫ ОЙЛАП ТАПҚАН СӨЗДІК

Мамлют ауданы Белов орта мектебінің 7-сынып оқушысы Вероника Печенкина голографиялық аудармасы бар «Magic Dictionary» бірегей қосымшасын жасады. Бұл қосымша ағылшын тілін үйренуді қызықты үдеріске айналдырмақ. Оны Android қосымшасы арқылы көшіріп алуға болады.

Облыстық білім басқармасы баспасөз қызметінің мәліметінше, қосымша English Plus 5 оқулығының

лексикасы негізінде жасалып, визуализация жасауға келетін сөздер таңдалады. Белгісіз сөзді осы «сикырлы сөздікке» енгізген қолданушы құрылғы экранына мөддір пирамиданы орнатады. Осыдан кейін сөздің мағынасын беретін зат төрт жағынан көлемді голограмма түрінде кескінделеді.

Голографиялық кескінмен бірге аудио оқылым жүреді, бұл мағынаны түсінуге ғана емес, оның айтылуын дұрыс игеруге де көмектеседі.

Бұл тәсіл оқушыларға ағылшын тілін жеңіл әрі қызықты формада меңгеруге сеп. Қазір «Magic Dictionary» қосымшасы ұстаздар арасында қызығушылық тудырып отыр. Ал жоба авторы Вероника Печенкина қосымшаны жетілдіріп, оның мүмкіндіктерін кеңейтпек.

Акерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,  
«Soltüstik Qazaqstan».

## Zaman және заң

АЙЫППҰЛ  
ТӨЛЕМЕЙТІН БОЛДЫ

Петропавл қаласының тұрғыны көлігін 5 минуттан артық қыздырамын деп айыппұл арқалағаны белгілі. Облыс прокурорлары салынған айыппұлды алып тастады. Қадағалау органы талдау барысында Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің талаптары өрескел бұзылғанын анықтады.

Петропавл қалалық полиция басқармасының лауазымды қызметкері облыс орталығының тұрғынына қатысты кодекстің 1-бөлігінің 597-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама жасаған. Бұл — көлік құралын 5 минуттан артық қыздыру ережелерін бұзу фактісіне қатысты хаттама.

«Полиция қызметкері әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізу барысында хаттама жасау кезінде процестік бұзушылықтарға жол берді және құқық бұзушының кінәсінің дәлелдерін таппады. Петропавл қаласы прокурорының наразылығы бойынша полиция органының әрекеті заңсыз деп танылды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 597-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды», — делінген облыстық прокуратура таратқан хабарламада.

Әсет ҚАНАФИН.

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ  
КЕРЕК

Облыстық полиция департаментінің хабарлауына, осы жылдың 5 сәуірінен бастап мопедтер механикалық көлік құралдарына теңестіріледі.

Зандағы түзетулерге сәйкес мопедтерді тіркеу үшін иелері Петропавлдағы Нефтепроводная көшесі, 7 мекенжайында орналасқан «Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына» жүгіне алады. Ол үшін жеке басты куәландыратын құжат, мопедтің техникалық құжаты немесе техникалық сипаттамалары туралы мәлімет болуы керек. Тіркемеген мопедтерді жүргізуші куәлігінсіз жүргізуге тыйым салынады. Сондай-ақ мопедті жүргізуге құқығы жоқтар автомектептерде оқудан өтуі тиіс.

— 5 сәуірден бастап мопедтерді пайдалану — оларды полицияда тіркегеннен кейін, яғни А1, А санаттардағы жүргізуші куәлігі, техникалық қарап-тексеруден өтуі және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру болған кезде ғана рұқсат етіледі, — дейді облыстық полиция департаментінің процессингтік орталығының аға мемлекеттік автотинспекторы Жұлдыз Бағыт.

Гүлфайруз ТӨРЕМҰРАТОВА,  
«Soltüstik Qazaqstan».

SOLTÜSTİK  
QAZAQSTAN

Газет мемлекеттік  
ақпараттық саясатты  
жүргізуде ресми басылым  
болып табылады.

Директор  
Ербақыт АМАНТАЙҰЛЫ  
Қабылдау бөлмесі тел.: 50-09-14

Бас редактор  
Нұрғұл ОҚАШЕВА,  
тел.: 8-702-887-44-40, 50-15-47

Бас редактордың  
орынбасары  
тел.: 8-775-292-93-81, 50-09-15

Жауапты хатшы  
тел.: 8-705-463-13-29, 50-09-15

Қоғамдық-саяси бөлім  
тел.: 8-777-197-14-06, 36-21-36

Экономика бөлімі  
тел.: 36-21-36

Руханият бөлімі тел.: 36-21-36

Есеп бөлімі  
тел./факс): 8-707-455-93-48,  
53-11-00

## Газеттің меншік иесі және шығарушысы:

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Қызылжар-Ақпарат»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Петропавл қаласы).

«Soltüstik Qazaqstan» газеті 2024 жылдың 19 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ88VPY00108346 куәлігін алған.

## Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

«Soltüstik Qazaqstan»-да жарияланған материалды көшіріп басқан кезде газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакцияның тапсырысы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды.

А – материалдың жариялану ақысы төленген.  
Бағасы келісімді.

Редакцияның мекенжайы:  
150000 Қазақстан Республикасы, Петропавл қаласы, К.Сүгішев көшесі, 7.  
Электронды пошта «kyzylzhar\_akparat@mail.ru»

Газетке 1970 жылы  
«Құрмет белгісі» ордені беріліп,  
2023 жылы Қазақстан Республикасы  
Президентінің Алғысы жарияланды.

## Тапсырыс41

Газет «Қызылжар-Ақпарат»  
ЖШС-ның компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
«Газетний двор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында басылды (Петропавл қаласы, Ғ.Мүсірепов көшесі, 34 «В»)  
Көлемі 3 баспа табақ.

ТАРАЛЫМЫ 8919

Немірдің кезекші редакторы:  
Г.ТӨРЕМҰРАТОВА.